БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚАЗАҚСТАН КП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ, ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТТЕРІНІҢ және ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 220 (9797) 1955 жылғы 5 ноябрь Сенбі | Шығуына 36 жыл. жеке саны 20 тиын.

Совет кәсіподақтары! Еңбек өнімділігін арттыру, халықшаруашылық жоспарларын толық және асыра орындау жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетіңдер! Өндіріс жаңашылдарының тәжрибесін таратып отырыңдар! Жұмысшылар мен қызметшілердің материалдық әл-ауқаты мен мәдени дәрежесін онан әрі арттыруға тынбастан қамқорлық жасаңдар!

Коммунизм мектебі—совет кәсіподақтары жасасын!

(СОКП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ҰЛЫ ОКТЯБРЬ СОЦИАЛИСТІК РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ 38 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАҒАН ҰРАНДАРЫНАН).

Колхоз, совхоз егіншілері мен мал өсірушілерінің агрозоотехникалық оқуы

Партиямыз мен Үкіметіміз село еңбекшілерін агрозоотехникалық біліммен қаруландыру арқылы елімізде барлық ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыру, қоғамдық мал шаруашылығын барынша өркендетіп, оның өнімділігін молайту мәселесіне әрқашан да зор көңіл бөліп келеді. Міне, сондықтан да СОКП Орталық Комитетінің Ұлы Октябрь социалистік революциясының 38 жылдығына арнаған Ұрандарында:

«Колхозшылар мен колхозшы әйелдер! Еңбек өнімділігін арттырыңдар, еңбек тәртібін нығайтыңдар! Ғылым мен озат тәжрибенің жетістіктерін үйреніп, өндіріске кеңінен енгізіңдер! Колхоздардың қоғамдық шаруашылығын онан әрі нығайтып, барынша өркендетуді, колхоздардың табысын молайтуды және колхозшылардың әл- ауқатын арттыра беруді қамтамасыз етейік!» деп жазылды.

Партиямыздың Орталық штабының бұл жалынды шақыруының облысымыздың колхоздары мен совхоздарындағы мал өсірушілер мен егіншілерді агрономиялық және зоотехникалық білім алу ісіне жаппай жұмылдырып, ғылым мен озат тәжрибенің жетістіктерімен тынбай қарулануға жігерлендіре беретіндігі сөзсіз.

Өйткені колхозшылар мен совхоз қызметкерлерін үшжылдық агрозоотехникалық курстарда жаппай оқыту— ауылшаруашылық ғылымдарының табыстары мен алдыңғы қатарлылардың тәжрибелерін насихаттаудың бірден- бір қолайлы да тиімді жолы болып саналады. Демек колхозшыларды бұл жолмен оқыту өзін шын мәнінде ақтап отыр. Агрономиялық және зоотехникалық курстарда оқып шыққан мал өсірушілер мен егіншілер теориялық алған білімдерін өндіріске ойдағыдай қолдана біліп, егін және мал шаруашылығында көрнекті табыстарға жетіп жүр. Мұны жуырда болып өткен облыстық ауылшаруашылық көрмесінің стендтері мен жекелеген көрмеге қатысушылардың үздік табыстары айқын көрсетті. Көрме экспонаттары облыстың кей колхо-

агрономиялық топтардың көрнекі құралдармен қамтамасыз етілуі ескерілмеді. Бұған кім кінәлі? Әрине, еңалдымен колхоз, совхоз басшылары мен партия ұйымдары кінәлі деу керек. Өйткені олар өткен жылы да кездескен осындай кемшіліктерден тиісті қорытынды шығармады, өткен жылы бірталай курстарда оқу жоспарының орындалмай, программалық материалдардың меңгерілмеуі оларды ойландырмады. Бұл мәселеге облыстық ауылшаруашылық және совхоздар басқармалары мен олардың насихат басқармалары да кінәлі. Өйткені бұл органдар осы уақытқа дейін колхоздар мен совхоздарға агрозоотехникалық курстарда өткізілетін сабақтың жоспарлары мен оқу программаларын да жібере алмай отыр. Бұл органдар курстардың қолынан іс келетін, таңдаулы мамандармен толықтырылуына да жете назар аудармапты. Осының салдарынан 1 ноябрьде оқу жылының басталғанына қарамастан, Преснов, Ленин, Совет және Соколов аудандарының колхоз, совхоздарында жұмыс істеуге тиісті курстар оқытушы кадрлармен қажетінше толықтырылмады.

Колхоз және совхоз егіншілері мен мал өсірушілерінің үшжылдық агрозоотехникалық оқуын ұйымдастырып, онда программалық материалдардың толық игерілуін қамтамасыз ету —аса маңызды іс. Бұл істе ешбір шалағайлыққа, егіншілер мен мал өсірушілердің агротехникалық және зоотехникалық білімдермен қарулану жөніндегі ынтасына кезінде құлақ аспаушылыққа ешбір төзуге болмайды. Әңгіме, үшжылдық агрозоотехникалық курстардағы жаңа оқу жылының барлық жерде бірдей ұйымшылдықпен басталуын қамтамасыз ету жөнінде болып отыр.

Жаңа оқу жылын ұйымшылдықпен бастау жөнінде сөз болғанда, еңалдымен мынаны ескеру керек: колхоз басқармалары мен совхоз директорлары әрбір топқа тыңдаушылар іріктеп алу мәселесіне аса жауаптылықпен қарайтын, тыңдаушылар іріктегенде олардың біліміне ой-өрісіне

Совет-Бирма Одағының арасындағы достыққа арналған митинг

3 ноябрьде Одақтар Үйінің Колонналы залында Совет Одағы мен Бирма Одағының арасындағы достыққа арналған митинг болды. Екі мыңнан артық адам— астана кәсіпорындарының жұмысшылары, ғалымдары, мәдениет қайраткерлері, студенттер Бирма Одағы мен ССРО-ның мемлекеттік жалауларымен безелген залға лық толды. Митингте Москвада тіркелген дипломатиялық өкілдіктердің басшылары, Бирма Үкіметінің сатып алушы миссиясының мүшелері, совет және шетел журналистері болды.

Залда отырғандар президиумға Премьер-Министр У Нудың, Н. А. Булганин, Л. М. Каганович, Г. М. Маленков, А. И. Микоян, М. Г. Первухин, М. З. Сабуров, Н. С. Хрущев, А. Б. Аристов, П. Н. Поспелов, Д. Т. Шепилов жолдастардың, РСФСР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі М. П. Тарасовтың, РСФСР Министрлер Советінің Председателі А. М. Пузановтың, ССРО министрлерінің, қоғам қайраткерлерінің, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы озаттарының келуін ду овация жасап қарсы алды.

Моссовет атқомінің председателі М. А. Яснов қысқаша сөз сөйлеп, митингті ашты. Бирма Одағы мен ССРО-ның мемлекеттік Гимндері салтанатпен орындалды.

Мінбеге Премьер -Министр У Ну шықты. Залда тағы да қызу қолшапалақталды. У Ну бирма тілінде сөйледі.

Бирма Одағының Премьер-Министрі У НУДЫҢ сөзі

Премьер-Министр мырза, ханымдар және мырзалар!

Мен Совет Одағының басшылары мен халқына арнап сөз сөйлеуге мүмкіндік алып отырғаныма ерекше қуаныштымын. Менің қарауымдағы аз уақыттың ішінде бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік туралы, шиеленісті бәсеңдету туралы және Совет Одағы мен Бирманың арасындағы достық байланыстарды онан әрі нығайту туралы мен өзімнің кейбір ескертпелерімді айтпақшымын.

Өткен жылдың орта шенінен бастап мен көп елдерге сапар шектім, оның ішінде Қытай Халық Республикасында, Великобританияда, Америка Құрама Штаттарында болдым.

Мен болған елдің әр қайсысында, олардың басшылары болсын, халқы болсын бейбітшілікке бірдей қарайды. Совет Одағында да мен басшылар мен де, халықпен де кездестім, сөйтіп олардың да бейбітшілікке ұмтылуда бірауызды екендігін көзіммен көрдім. Бұл көзқарастардың бірауыздылығы бейбітшілікке жаппай ұмтылушылықты ғана бейнелейді. Әрине, бүкіл дүние жүзі бейбітшілікті жақтап отырғанда, олардың алдында әлі де болса бейбітшілікке жету жолында кедергілер болуы таңқаларлық нәрсе. Бір жақ екінші бір жақтың бүкіл дүние жүзінде соғыс базаларын құрып жатқанын айтуға бейім тұрады, екінші жақ ол жақтың бүкіл дүние жүзіне өтіп кетіп, бүлдіру әрекеттерін жүргізіп жатқанын ай-

Сондықтан мүдделі жақтардың бәрі бұл үрейленушілік пен күдіктенушілікті жою үшін шын ниетпен күш жұмсауы қажет. Мұндай үрейшілдік пен күдіктенушілік бар тұрған жағдайда қатар өмір сүру екі адамның бір-біріне қол беріп амандасқан болып, біріншісінің екінші қолымен арқасына қанжарын жасырып, екіншісінің— револьверін тығып тұрғаны сияқты болып көрінеді. Сондықтан, менің ойымша, тек қана жоғары дәрежелі келіссөздер жүргізіп қарусыздану бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік орнатуға жеткізе алмайды. Әрине олар бейбітшілік орнату үшін елеулі алғышарт болып табылады да, сол сияқты осындай оқтын-оқтын конференциялардың болып тұруы да қажет. Бірақ бір жағынан конференциялар өткізіліп жатқанда, екінші жағынан түрлі елдердің халықтары арасында неғұрлым тығыз тікелей байланыстар орнату үшін барлық мүмкіншілігі бар адымдар жасалып жатуға тиіс. Күдіктенушілікті жою үшін халықтардың арасында тікелей байланыс орнатудан артық жақсы әдіс бар деп мен ойламаймын. Мен жас кезімде ағайынды екі адам туралы бір ағылшын поэмасын жаттап алғаным бар. Бір-бірінен алыста жүргенде оның әрқайсысы екіншісін әзәзіл дейді екен. Ал жақын сөйлесіп қараса, екеуі бір-біріне туысқан болып шығыпты.

Нақ сол сияқты, қытай, ағылшын, американ және совет халықтарында да бір-бірі туралы алыстан бұрмаланған ұғымдар болып жүр. Ал егер олар бір-бірімен жа-

лер және Иегудии Менухиндер басқа елдерде де бар. Олар да сіздердің бәріңізді сол елдердің халықтарын сүюге мәжбүр ете алады. Елдердің арасындағы бұрынғы дұшпандықтар қандай болғанымен, тікелей қарым-қатынастар жасау кереметтерді туғызады. Халықтар өздерінің бір-біріне шын туысқан екенін таныйды.

Совет Одағы мен Бирманың арасындағы достық қатынастарды онан әрі нығайту жөнінде сөз болғанда, мен өз басым совет циркін, совет балетін, совет әншілері мен музыканттарын, совет ғалымдарын, советтің қоғамдық және экономикалық өмірін жоспарлап отырған адамдарды және совет халқын, кейбір бұрын бізге ұлы совет халқы туралы теріс ұғым берген совет кітаптарынан артық көрген болар едім. Сіздердің кітаптарыңыздың кейбіреулері кейде сіздің совет адамдарыңыздың ұлы жетістіктерін осында тікелей қарым-қатынас жасаған кезде мен аңғарған жәйіттерден жасырып келді және ол кітаптар кейде бізді сіздер туралы өзіміз тілемеген пікірде болуға мәжбүр етті.

Кітаптар, тіпті бізге совет халқы туралы дұрыс ұғым берген күннің өзінде де; белгілі бір шептегі адамдардың, яғни олардың оқығандардың ғана жүрегінде тілектестік тудыра алады. Ал цирктердің, балеттердің, опералардың, музыканттардың, әншілердің, совет ғалымдарының, советтің қоғамдық және экономикалық өмірін жоспарлап отырған адамдардың мүмкіншіліктері шексіз зор

үйлер, ал көп қалаларда бұрынғы сарайлар да пионерлерге, олардың білім алу және мәдени тілектерін өтеуге берілген. Музыкамен, бимен, суретшілікпен шұғылдану барынша зор жомарттықпен ынталандырылады.

Менің екінші бір алған жанды әсерім мынада: мектептер мен институттарда ғылымдарды оқытуға ерекше зор көңіл бөлінеді екен. Совет халқы шын мәнісінде жоғары техникалық цивилизацияны дамытуда, инженерлер және басқа техникалық білімі бар мамандар даярлау жұмысының көлемі зор екендігі соншалық, таяу уақытта сіздердің елдеріңізде оқып шыққан техникалық мамандардың зор резерві болады.

Сөзімнің қорытындысында менің бейбітшілік мүдделері үшін бүкіл дүние жүзіндегі халықаралық сеніспеушілік біржолата түп-тамырымен жойылады деп шын жүректен тілек білдіруіме рұхсат етіңіздер. Сол сияқты мен елдердің арасында неғұрлым тығыз қарым-қатынас орнап, күдіктенушіліктің өткендегінің есте қалғаны болып қана қалуы үшін де дұға етемін. Біздің ел жайында болса, отарлардың тәуелсіздігі жолындағы жаппай алға ұмтылуымызда, бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік орнатуға бағытталған ортақ күш жұмсауымызда біздің Совет Одағымен біртұтас болатындығымызды менің мәлімдеуіме рұхсат етіңіздер.

Кәзіргі уақытта Женевада болып жатқан келіссөздер табысқа жетсе екен!

зы мен совхозында болса да, егін өнімін барынша арттыруға, мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін ұлғайтуға әбден болатындығын іс жүзінде көрсетіп берді.

Колхозшылар мен совхоз мал өсірушілерін және егіншілерін үшжылдық агрозоотехникалық курстарда оқытудың аса пайдалылығы көрмеге қатысқан Конюхов ауданындағы «Колос» сияқты бірқатар алдыңғы қатарлы шаруашылықтардан да айқын көрінді. Бұл колхоздың барлық шопандары, сауыншылары мен малшылары курсті өткен жылы бітіріп шыққандар. Колхоз бойынша әрбір сауын сиырдан 1700 литрдей сүт сауылды, әрбір қойдан 3,7 килограмм жүн қырқылды. Осының нәтижесінде колхоз мал шаруашылығының негізгі өнімдері жөнінде мемлекетпен толық есеп айырысты.

Колхоз басшылары мен колхоз партия ұйымы егіншілер мен мал өсірушілерінің агрозоотехникалық оқуына биыл да ерекше маңыз беріп отыр. Мұнда жаңа оқу жылына тыңғылықты әзірлік жүргізіліп, 1 ноябрьде агротехникалық және зоотехникалық топтарда оқу басталды. Оқу жылы басталардың алдында оқудың алдын- ала ойластырылған жоспары жасалды, оқу топтары көрнекі құралдармен қамтамасыз етіліп, топтар қолынан іс келетін, колхозшылар сеніміне ие болған оқытушылармен толықтырылды. Колхозшылардың агрозоотехникалық оқуына осы аудандағы «Красная крепость» колхозы да жақсы әзірлікпен кірісті.

Колхозшылар мен совхоз жұмысшыларының агрозоотехникалық оқуын ұйымдастырудың аса маңыздылығына қарамастан, көп жерлерде бұл жұмысқа әлі де тиісті мән берілмей келеді. Бірталай колхоздар мен совхоздарда оқу жылына әзірлік жан- жақты жүргізілмеді, оқу жоспарлары жасалмады, зоотехникалық және

өндірістегі тәжрибесіне үңілетін болсын.

Жоғарыда курстардың оқу жоспарымен және программаларымен әлі қамтамасыз етілмегендігі жөнінде айтылды. Бұл мәселені тез арада шешу— ауылшаруашылық органдары мен колхоз, совхоз басшыларының кезек күттірмейтін міндеті.

Өткен жылы Булаев, Приешім, Октябрь және басқа да аудандардың колхоздары мен совхоздарында агрозоотехникалық курстардың оқуы өтетін үйлер уақытылы дайындалмады, жылытылмады, олар жарықпен қамтамасыз етілмеді, сол сияқты бірсыпыра оқу топтары оқу құралдарымен және көрнекі құралдармен қамтамасыз етілмеді. Биыл мұндай кемшіліктердің орын алуына ешбір төзбеу керек.

Колхозшылар мен совхоз жұмысшыларының агрозоотехникалық оқуының тыңғылықты ұйымдастырылуы және сапалы жүргізілуі оқытушы кадрларға байланысты. Сондықтан оқытушы кадрлар іріктеп алу мәселесінде кездесіп отырған қолайсыз жағдайды үзілді-кесілді жою керек. Курстардың барлық топтары таңдаулы, маман, теория мен практиканы байланыстыру арқылы, егіншілер мен мал өсірушілерге дәйекті білім бере алатын кадрлармен толықтырылуы керек. Мұндай кадрлардың алдына қойылатын міндет мынау—олар сабақты қызықты ұйымдастыруға, тыңдаушыларды өтіліп отырған материалды жан-жақты талқылауға кеңінен қатыстыруға, оқуға көрнекі құралдарды кеңінен пайдалануға, практика мен теорияны шебер байланыстыра білуге тиіс.

Егінші және мал өсіруші жолдастар! Ғылым мен озат тәжрибенің жетістіктерін терең үйреніп, өндіріске кеңінен енгізу жолында тынбай еңбек етейік. Ол үшін агрозоотехникалық курстардың бірқалыпты жемісті жұмыс істеуіне жетісетін болайық!

Шахталардағы жаңа автоматтар

ҚАРАҒАНДЫ, (ҚазТАГ). Бесінші бесжылдықтың тұсында Қарағандының шахталарында лавалардағы көмірді сыртқа шығаратын конвейерлердің саны біржарым есе артты. Қазір тазарту забойларының бәрі ең жаңа үлгімен шығарылған күректі транспортерлермен жабдықталған. Олар отынды комбайннан тиейтін пунктке дейін жеткізіп тұрады. № 18 шахтада көмір лавалардан конвейер арқылы тікелей темір жол вагондарына келіп құйылады. № 3—бис шахтада көмірді жеткізу жұмысы толық конвейерлендірілген. Мұнда өндірілген отынның әрбір тоннасы көршілес Киров атындағы шахтаға қарағанда 50 тиын арзанға түседі. Өйткені онда әлі рельстік транспорт қолданылып келеді.

Таяудағы уақытқа дейін конвейерлерді басқаруда көптеген көмекші жұмысшылар жүретін еді. Ғалымдар ұсынған схема бойынша быйылғы жылы 5 конвейер желісі дистанциялық автоматтық басқару әдісіне көшірілді. Осының нәтижесінде моторшылар штаты 100 адамға кеміді.

Кеше № 33-34 шахтада дистанциялық ленталы конвейер желілерінің дистанциялық автоматтық басқару әдісінің неғұрлым жетілдірілген схемасын сыннан өткізу аяқталды. Бұл схеманы Қарағандыдағы көмір ғылми зерттеу институты жасаған болатын. Жаңа схеманың бірқатар артықшылықтары бар. Мұнда бір адам кнопканы басып қалып, жалпы ұзындығы бір километрге жететін 15-20 транспортерден құрылған бүкіл желіні басқарып отырады. Механизмнің бір жері бұзылған жағдайда қоңырау қағылып, операторға ескертіп отырады, ал арнаулы бір құрал оның қай жерінің бұзылғанын көрсетеді. Осының нәтижесінде басқару пультінің бақылауыш құралдарын үнемі байқап отыру қажет болмай қалды. Қарағанды инженерлерінің схемасы оңай құрылған. Мұны қолдану нәтижесінде көптеген желіні үнемдеуге мүмкіндік туды. Мұндай автоматтар қазір № 18—бис шахтасына да орнатылып жатыр.

туға бейім.

Бүгінгі күні дүние жүзінде терең тамырын жайған үрейшілдік бар екенін, бір-бірінен күдіктеніп отыратынын ешкім де жоққа шығара алмайды. Бұл үрейленушілік пен күдіктенушіліктің болуы бейбітшілікті іздеу жолында ерекше қиыншылық тудырады. Бұл үрейшілдік пен күдіктенушілік бар тұрғанда, бейбітшілікпен қатар өмір сүруден мағына да шықпайды.

қын келіп танысатын болса, бірін-бірі туысқан деп табатынына менің көзім жетеді.

Улановалармен, Бейбутовтармен, Кара-Караевтармен, Шостаковичтермен, Козловскийлермен және Ойстрахтармен бірге өткізген бірнеше минут ең тас жүректерлің өзін жібітеді дейтін болсам, асырып айтқан болмаспын деймін.

Нақ осы сияқты көптеген Грейс Келлилер, Марта Грехемдер, Спенсер Трейсп-

Сөзімді аяқтаудан бұрын маған сіздердің елдеріңізде болған кезімде Совет Одағы мен совет халқы туралы алған әсерімді барынша қысқа қорытып айтуға рұқсат етіңіздер. Менің қазір ғана айтқанымдай, мен совет халқының ерекше досжар және меймандос халық екенін көрдім. Мәдени қызметке зор көңіл бөлінеді екен. Мұның өзі совет өмірінің бөлінбес бір тұлғасына айналған. Балаларға, жігіттер мен қыздарға қамқорлық мүлдем ерекше, таңдаулы

Совет басшылары ұзақ жылдар бақытты және сау-сәлемет өмір сүрсін!

Совет адамдары ұзақ жылдар бақытты және сау-сәлемет өмір сүрсін!

Совет-Бирма достығы нығая берсін!

Бүкіл дүние жүзінде ұзақ бейбітшілік орнасын! **(Ду қолшапалақтау).**

* * *

Мұнан кейін сөз ССРО Министрлер Советінің Председателі Н. А. Булганинге берілді. Митингке қатысушылар оны ұзақ қолшапалақтап қарсы алды.

ССРО Министрлер Советінің Председателі Н. А. БУЛГАНИННІҢ сөзі

Премьер-Министр мырза!
Қымбатты достар!
Жолдастар!

Совет Одағы Үкіметінің атынан, Москва еңбекшілерінің және бүкіл көп ұлтты совет халқының атынан, сол сияқты өз атымнан да мен өзіміздің құрметті қонағымыз —Бирма Одағының Премьер-Министрі У Нуға оның сөйлеген сөзінде біздің елімізге және совет халқына деген достық сезімі мен тілектестігі үшін алғыс айтамын. **(Ұзақ қолшапалақтау).**

Совет Үкіметі Бирма Үкіметінің басшысы У Нудың біздің елімізге келуін құттықтап қарсы алды. Ол бізге және бүкіл совет халқына өз елінің ұлттық тәуелсіздігі жолындағы, халықаралық ынтымақты дамыту жолындағы күресте көп күш жұмсаған мемлекет қайраткері ретінде мәлім болған адам.

Премьер-Министр У Нудың келуі бізге заманымыздың бір ерекшелігін аңғартады. Мен қазіргі уақытта Шығыс елдерінде болып жатқан зор өзгерістерді айтып отырмын. Дүниежүзілік цивилизацияны жасауға ірі үлес қосқан Азияның ежелгі халықтары ғасырлар бойы қатал отаршылдық езушілікте болып келді, қайыршылық пен мешеулікке душар болды. Қазір Шығыс халықтарының өміріндегі сол қайғылы дәуір келмеске кетіп барады.

Біз Шығыс халықтарының белсенділікпен жаңа өмір орнатып жатқанын көзімізбен көріп отырмыз. Бүкіл дүние жүзінің тағдырын шешуге бұл халықтардың қатысатын дәуірі туады, деген ұлы Лениннің сөздері орындалып келеді.

Дүние жүзіндегі ең көп халық —ұлы қытай халқы ауыр және қантөгіс күрестермен өзінің бостандығын және тәуелсіздігін жеңіп алды. Шығыстағы екінші ұлы халық —Индия халқы да дербес даму жолына түсті. Ұзақ отаршылдық өктемдіктен құтылған Бирманың даңқты халқы да осы жолға түсті.

Совет Одағы мен Бирманың арасындағы қатынастар бұрын ешқашан да алауыздық пен ренжісу көрген емес, ал қазіргі уақытта біздің екі елдің арасындағы ең тығыз байланыстар мен барынша кең ынтымақты дамытуға мүмкіншіліктің бәрі бар.

Совет-Бирма қатынастарының баяндылығы мен достық сипаты еңалдымен, олардың бір-бірінің жерлерінің бүтіндігі мен суверенитетін өзара құрметтеу, бір-біріне тиіспеу, ішкі істеріне қол сұқпау, теңдестік және өзара қолайлылық, бейбітшілікпен қатар өмір сүру принциптеріне негізделгендігінде. Ең әуелі Қытай Халық Республикасы мен Индия жариялаған, ал онан кейін Азия мен Африка елдерінің Бандунгтегі конференциясында мақұлданған бұл принциптерді қазір Азияның бейбітшіл мемлекеттері де, сол сияқты Европаның көптеген елдері де өздерінің басқа елдермен қатынастарының негізі деп танып отыр.

Совет Үкіметінің пікірінше, бұл принциптерді үздіксіз жүзеге асыру кең түрде халықаралық ынтымақ орнатуға, мемлекеттер арасындағы келіспеушілікті жоюға себепші болады. Мұнда Совет Одағының Үкіметі өзінің сыртқы саясатының негізгі ережесіне —әлеуметтік саяси системалары әртүрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруіне болатындығына сүйенеді.

Соңғы уақыттың ішінде Бирма мен Совет Одағы халықтарының достығы мен іскерлік байланыстары үздіксіз ұлғайып, нығаюда. Биылғы жылы тең праволылық және өзара қолайлылық негізінде жасалған Совет-Бирма сауда келісімі, сол сияқты делегациялар жіберісу біздің елдеріміздің арасын бұрынғыдан да тығыз жақындастыра түсу жолындағы маңызды кезең болды.

Бирманың Премьер-Министрі У Ну мырзаның Москваға келіп, біздің еліміздің экономикалық және мәдени жетістіктерімен, совет халқының еңбек үстіндегі өмірімен тікелей танысуы біздің екі елдің арасындағы экономикалық, техникалық және мәдени ынтымақты онан әрі дамытуға себепші болады.

Совет Үкіметі мен Бирма Үкіметінің арасында тікелей қарым-қатыс жасалуы Совет Одағы мен Бирманың арасында өзара ұғынысуды жақсарту үшін зор маңыз алады. Совет Үкіметінің басшылары мен Премьер-Министр У Нудың арасында екі жақтың назарын аударатын мәселелер жөнінде пікір алысу халықтардың бейбітшілігі мен хауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін елеулі маңыз алатын мәселелер жөнінде көзқарастардың бірдей екенін анықтады.

Москвада біздердің арамызда орнатылған тікелей қарым-қатыс бұдан былай да жүргізіле береді. Премьер-Министр мені және Хрущев жолдасты, Никита Сергеевичті, Бирмаға келуге шақырды. Мен бүгінгі болып отырған мүмкіншілікті пайдаланып, Совет Үкіметі атынан, сол сияқты өз атымнан және Хрущев жолдастың, Никита Сергеевичтің тапсыруы бойынша, оның атынан Премьер-Министр У Нуға оның бұл шақыруы үшін алғыс айтамын. **(Қолшапалақтау).** Біз бұл шақыруды Совет Одағы мен бирма халықтарының арасындағы достықты онан әрі нығайту ісіне үлес қосқандық деп қабыл аламыз. **(Ұзақ қолшапалақтау).**

Премьер-Министр У Нудың Совет Одағына келуі және біздің Бирмаға баруымыз түсінушілікті және халықаралық ынтымақ рухын дамытуға себепші болады, біздің халықтарымыздың, өз болашағынан хауіптену дегенді білмеу, барлық халықтармен бейбіт және достық жағдайда өмір сүруге деген жалынды тілегіне сай келеді. **(Ұзақ қолшапалақтау).**

Төрт держава Үкіметтері Басшыларының Женевадағы Кеңесі халықаралық шиеленісті бәсеңдетіп, «қырғиқабақ соғыс» дейтінге соққы берді. Бұл Кеңес мемлекеттер арасындағы қатынастардың жаңа кезеңінің басталуы болды. Ол біздің заманымызда бейбітшіліктің мүдделері үшін халықаралық ынтымақ орнатудың толық мүмкін екенін, мемлекеттер арасында сенім орнатудың нақтылы және орындауға болатын мақсат екенін көрсетті.

Үкіметтер Басшыларының Кеңесі аяқталғаннан кейін Совет Үкіметі басқа мемлекеттермен қатынастар жасауда ынтымақтасу және өзара ұғынысу рухын сақтауға, дамытуға ұмтылатындығын талай рет мәлімдеді.

Совет Одағының Үкіметі соңғы үш айдың ішінде мемлекеттер арасындағы шиеленісті онан әрі бәсеңдетуге және сенісушілікті нығайтуға себепші болатын бірқатар нақтылы маңызды әрекеттер жасады.

Бұл адымдарды жасай отырып, Совет Үкіметі ССРО, АКШ, Англия және Франция Сыртқы істер министрлерінің 27 октябрьде ашылған Кеңесінің жұмысы ойдағыдай болуына қолайлы жағдай туғызуға тырысты. Үкіметтердің Басшылары талқылаған мәселелер жөнінде министрлердің келісілген шешімдерге келуі үшін біз барлық күш-жігерді жұмсап келдік және жұмсап отырмыз. Ол мәселелер мыналар: европалық хауіпсіздік және Германия, қарусыздандыру, Шығыс пен Батыстың арасындағы байланыстарды дамыту.

Совет Үкіметі сыртқы істер министрлерінің Кеңесінде бұл мәселелер жөнінде халықтардың бейбітшілігі мен хауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатын көздеген бірқатар ұсыныстар енгізді. Бұл ұсыныстар жүзеге асырылса, мұның өзі маңызды халықаралық проблемаларды өзара ұғынысу негізінде реттеу жолындағы жаңа ірі адым болар еді.

Егер сыртқы істер министрлері Кеңесінің барлық қатысушылары Үкіметтер Басшыларының Кеңесінде үстем болған ынтымақтасу рухын қолдайтын болса, онда біз Кеңестің жұмысында ұнамды нәтижелерге қол жетеді деп сенеміз **(қолшапалақтау).**

Барлық елдердің халықтары бейбітшілікті тілейді. Премьер-Министр У Ну Совет Одағында болған кезінде совет халқының бейбітшілікті сақтауға және нығайтуға, халықтар арасындағы достықты нығайтуға ерекше қызу ынталы екендігін өз көзімен көруге мүмкіндік алды.

Біздің халқымыз баянды бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде күш жұмсауда, басқа бейбітшіл халықтармен, оның ішінде Бирма Одағының халқымен иық тіресіп бірге шығады.

Премьер-Министр мырза, Сізге және Сіз арқылы бүкіл бирма халқына совет халқының айнымас дос екенін және Сіздің Отаныңыздың даму және гүлдену жолында табыстарға жете беруіне тілектес екенін білдіремін **(ұзақ қолшапалақтау).**

Совет Одағы мен Бирма Одағы халықтарының достығы мен ынтымағы жасасын! **(қолшапалақтау).**

Екі елдің халықтарының игілігі үшін, жалпыға бірдей бейбітшілік пен хауіпсіздіктің игілігі үшін Совет-Бирма достығы нығая берсін! **(қолшапалақтау).**

* * *

ССРО Министрлер Советінің Председателі Н. А. Булганин Бирма Одағының Премьер-Министрі У Нудың қолын алып, достықпен қысты. Залда тағы да ду овация жасалып: **«Совет халқының бирма халқымен достығы жасасын! Ура!»** деген дауыстар естілді.

У Ну мен Н. А. Булганиннің сөйлеген сөздерін Колонналы залға жиналғандардың бәрі зор ықыласпен тыңдады. Достық және адал ниеттілік жағдайда өткен митинг совет халқы мен отаршылдық езушіліктен құтылған, сөйтіп өзінің жаңа суверенді мемлекетін құрып жатқан бирма халқымен бейбіт және достық жағдайда болуға шындап ұмтылатындығын, совет адамдарының жер шарындағы барлық халықтармен достық және ынтымақ жағдайында болуға ұмтылатындығын көрсетті.

* * *

Митинг аяқталғаннан кейін искусство шеберлерінің концерті болды.

(ТАСС).

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Коммунистердің авангардтық ролін арттыра берейік

Күйбышев атындағы МТС-те механизаторлар мен ауылшаруашылық мамандарының үлкен коллективі жұмыс істейді. Осыған байланысты соңғы жылдары станцияның партия ұйымы да өндіріс озаттарының есебінен өсіп нығайды. Ұйымның есебінде 33 коммунист тұрады. Олардың ішінде 14 коммунист тікелей трактор бригадаларында жұмыс істейді. 5 трактор бригадасын коммунистер басқарады.

МТС коммунистерінің басым көпшілігі өндірісте еңбек үлгілерін көрсетіп, социалистік міндеттемелерін орындауда жоғары көрсеткіштерге ие болып келеді. Мәселен, КОКП мүшесі В. Вангер жолдас «ДТ—54» тракторымен өз сменасында трактор жұмыстарының жылдық жоспарын 128 процент орындап, жұмсақ жерге аударғанда 1150 гектар жер жұмыстады. Ол 600 килограмм жанар және жағар майын үнемдеді. Осы сыяқты Манап Нұралиев «С—80» тракторымен өз сменасында 1240 гектар жер жұмыстады.

Бірақ МТС коммунистерінің барлығы бірдей өндірісте авангардтық роль атқарып жүр деуге болмайды. Мәселен, Дикин жолдас басқаратын трактор бригадасы социалистік жарыста басқалардан кейін қалды. Бригада зябь жырту жоспарын мерзімінде толық орындай алмады. Өйткені мұнда еңбек тәртібі төмен болды. Бригадада жұмыс күні кеш басталып, ерте аяқталады.

Дикин жолдастың бригаданың жұмысына басшылықты әлсіретуі сонша, ол тіпті механизаторлардың өндірістік кеңестерін өткізіп, жұмыстың барысына талдау жасаудан қол үзген. Бригадада бұқаралық саяси жұмыс жоқтың қасы. Партия ұйымы, оның секретары Макаров жолдас осы жағдайды біле тұра аталған бригадада еңбек тәртібін нығайту жөнінде тиісті шараларды дерекізінде жүзеге асырмады. Міне сондықтан да бригада мүшелерінің, соның ішінде коммунистердің өндірістік белсенділіктерінің төмен болуына тіпті де таңдануға болмайды.

Жұртқа мәлім, бақылау мен талап әлсіреген жерде жақсы коммунистің өзі де саяси жауынгердің сапасын жоғалтатыны белгілі. Олай болса, партия ұйымы әрбір коммунистің еңбектегі табыстарымен, оның мінез-құлқымен үнемі танысып, жұмыстағы кемшіліктерді жою жөнінде көмек көрсетіп отыруға тиіс. Бұл жөнінде партия ұйымы секретарының әрбір коммунистпен жиі кездесіп, жеке әңгімелесуінің, ақыл айтып кеңес беруінің маңызы зор.

Сонымен қатар жақсы дайындалып өткізілген партия жыйналысы коммунистердің тәрбие мектебі болып табылады. Бір мысал, үстіміздегі жылы январь айында осы партия ұйымының жыйналысында коммунист Дума жолдастың жеке ісі жөнінде мәселе қаралды. Ол МТС-тің гараж меңгерушісі болып істеп жүргенде маскүнемдікке салынып, автомобиль паркін жөндеу ісіне көңіл бөлмеді. Коммунистер оның ісін талқылауға қызу қатысып, жыйналыста алты адам сөз сөйледі. Партия жыйналысының Дума жолдасқа жасаған ықпалы сондай— ол соңғы кезде бұрынғы кемшіліктерінен арылып, өндірістік тапсырмаларын үш есе артығымен орындайтын болды.

МТС партия ұйымының жұмысындағы елеулі кемшіліктердің бірі— механизаторлардың социалистік жарысына формальды басшылық жасауында. Мұнда өндіріс озаттарының жұмыс тәжірибелері жеткіліксіз насихатталады. Партия ұйымы механизаторлардың инициативасын кезінде қолдан отырмайды.

Бұл жөнінде мынадай бір фактіге тоқталуға болады: 1954 жылы Симоненко жолдас басқарған № 10 трактор бригадасы социалистік жарыста басқалардан озып шығып, бірінші орынға ие болды. Ол бригадаға станцияның ауыспалы Қызыл туы тапсырылды. Үстіміздегі жылы февраль айында Симоненко жолдастың трактор бригадасы тағы да социалистік жарыстың инициаторы болып, МТС механизаторларының жалпы жыйналысында көршілес отырған Образцовая МТС-нің бір трактор бригадасын социалистік жарысқа шақырды. Ол өзінің социалистік міндеттемесінде 15 аттық әрбір трактормен мың гектар жер жұмыстауға, дәнді дақылдардың әрбір гектарынан жүз пұттан өнім жинауға серт берді.

Тағы да бір мысал, партия ұйымы механизаторлардың социалистік жарыста қабылдаған міндеттемелерін орындау үшін қажетті көмек көрсетпейді. Өткен жылы комсомолец Шернейко жолдастың комбайн агрегаты «Сталинец—6» комбайнымен 700 гектар егін жыйнап, 5 мың центнер астық бастырды. Облыстық комсомол комитеті оны Құрмет кітабына жазып, 500 сом ақшалай сыйлық берді. Черненко жолдас үстіміздегі жылы да еңбекте өнеге көрсету үшін өткен жылы жұмыс істеген комбайнын жөндеуден жақсы өткізді. Бірақ егін жыйнау қарсаңында Черненко жолдас өз комбайнын ала алмады. Оған басқа бір ескі комбайн берілді. Басқа комбайншылар егін орып жатқан кезде Черненко жолдас соңынан алған ескі комбайнды жөнеуге көп уақытын өткізуге мәжбүр болды. Егер Черненко жолдастың еңбекке деген ынтасы партия ұйымынан қолдау тапса, ол үстіміздегі жылы бұрынғыдан да жоғары көрсеткішке ие болған болар еді.

Социалистік жарысқа басшылық ету ісі адамдармен жұмыс істеуді, олардың еңбекке деген белсенділіктерін үнемі қолдан отыруды, өндірістің озат әдістерін жалпының игілігіне айналдыруды талап етеді. Станция партия ұйымы барлық коммунистердің өндірісте авангардтық роль атқаруына, социалистік жарыстың нақтылы ұйымдастырылуына жетісуге тиіс.

М. ӘЛЖАНОВ,
ҚКП облыстық комитетінің нұсқаушысы.

Конференция делегаттарының сөзі

Октябрь ауданының колхоздары мен МТС-терінде және совхоздарында, басқа да мекемелерінде 4 мыңнан астам комсомолдықтар жұмыс істейді. Партия ұйымдарының басшылығымен олар тың және тыңайған жерлерді игеру ісіне зор үлес қосып келеді. Ауданда 1954—55 жылдары 339 мың гектар тың игерілді. Жаңа

ліктерін арттыру, олардың арасында тәрбие жұмысын жақсарту мәселелеріне баса назар аударды. Аудандық комсомол комитетінің есебіне делегаттар, міне, осы тұрғыдан қарады.

Конференцияда бірқатар колхоз, совхоз комсомол ұйымдарының жұмысты әлі де болса жаңа міндеттер дәрежесіне сай

митет секретарьларының алыстағы шаруашылықтарда болмайтынын айтты. Бұл совхозда үстіміздегі жылы апрель айынан кейін аудандық комсомол комитетіндегі жолдастардың бірде-бірі болмаған. Сондықтан комсомол ұйымының секретары басты комсомол қызметкерлерінен практикалық жұмыс үстінде кезінде көмек ала

Сүт фермалары қызметкерлерінің социалистік жарысы

Облыс колхоздарының озат сауыншылары

(1954 жылдың 1 октябрінен 1955 жылдың 1 октябріне дейін литр есебімен әрбір сыйырдан сауылған сүт)

Фамилиясы	Колхозы	Ауданы	Сауылған сүт литр есебімен
Саютина В.	«Путь к социализму»	Ленин	2521
Чижевская А.	Сталин атындағы	Совет	2387
Юрасова Е.	«Красный партизан»	Преснов	2353
Снакун З.	«Колос»	Конюхов	2281
Лагуткина М.	«Красный партизан»	Преснов	2267
Шарапаева Р.	«Красный партизан»	Преснов	2181
Бдовиченко М.	«2 пятилетка»	Булаев	2158
Костюрина Т.	«Красный партизан»	Преснов	2153
Швайгерт М.	Ленин атындағы	Полудин	2138
Шарапаева М.	«Красный партизан»	Преснов	2132
Ржевская А.	Киров атындағы	Преснов	2126
Косьмина Е.	Молотов атындағы	Конюхов	2107
Гауп Б.—	«Красный партизан»	Преснов	2092
Арчакова А.	«Колос»	Конюхов	2062
Левченко М.	Молотов атындағы	Конюхов	2046
Гекель Н.	«Красный партизан»	Преснов	2047
Грешникова Е.	«Новый путь»	Ленин	2060
Сағымбаева Ұ.	Киров атындағы	Преснов	2026
Шнейдер М.	«Победа»	Булаев	2022
Максимова Е.	«Коминтерн»	Булаев	2020
Демиденко А.	«Колос»	Конюхов	2019
Давиденко Т.	Сталин атындағы	Совет	2008
Думанская Н.	Каганович атындағы	Совет	2007
Бурланова В.	«Путь к социализму»	Ленин	1970
Зубенко Н.	Молотов атындағы	Конюхов	1977
Майснер Ф.	Киров атындағы	Преснов	1969
Милинчук А.	«Новый путь»	Булаев	1950
Зновьяк А.	Каганович атындағы	Совет	1946
Зотова М.	«Память Кирова»	Мамлют	1936
Пальченкова Л.	«Путь к социализму»	Ленин	1920
Барванец А.	Киров атындағы	Преснов	1911
Стариченко М.	«Победа»	Булаев	1906
Фитер Л.	Сталин атындағы	Мамлют	1905
Хохлова М.	«Новый путь»	Конюхов	1898
Карий Ф.	«Победа»	Булаев	1895
Майснер М.	Киров атындағы	Преснов	1886
Бутакова В.	Ворошилов атындағы	Петропавл	1879
Вельк Е.	Ворошилов атындағы	Полудин	1857
Земляная А.	Сталин атындағы	Совет	1866
Навотная А.	«Коминтерн»	Булаев	1857
Фисенко А.	Абай атындағы	Преснов	1854
Старовойтова М.	«Коминтерн»	Булаев	1852
Бенгардт Э.	Молотов атындағы	Конюхов	1837
Бекер М.	«Путь Ильича»	Полудин	1836
Битнер З.	Ленин атындағы	Полудин	1833
Пигалева Е.	«Путь Ильича»	Полудин	1831
Гензе Г.	Чапаев атындағы	Полудин	1831
Примак Е.	«Красный партизан»	Преснов	1827
Квинт И.	Чапаев атындағы	Полудин	1818
Гончар Г.	«Колос»	Конюхов	1817
Пучкова Е.	«Путь Ленина»	Конюхов	1813
Васильева Е.	Киров атындағы	Конюхов	1802
Ковальчук Е.	«Путь к коммунизму»	Преснов	1798
Исина Ж.	Стаханов атындағы	Булаев	1795
Бор Э.	«Гигант»	Булаев	1792
Цехоцкая Я.	Сталин атындағы	Совет	1790
Шкурина Л.	Молотов атындағы	Конюхов	1790
Феллер Р.	Чапаев атындағы	Полудин	1787
Муругова О.	«Красный партизан»	Преснов	1786
Найбауэр Р.	Мичурин атындағы	Конюхов	1782
Кологайда М.	Молотов атындағы	Конюхов	1782
Маркова А.	Воровский атындағы	Ленин	1771
Шкирер Р.	Чапаев атындағы	Полудин	1771
Аман Е.	Ленин атындағы	Полудин	1769
Дыбец А.	«Страна Советов»	Булаев	1767
Бубенко Д.	«Победа»	Булаев	1766
Грачева А.	Чапаев атындағы	Мамлют	1761
Чуркаева Г.	«Красное знамя»	Булаев	1762
Дубровная Н.	«Страна Советов»	Булаев	1761
Ким Е.	Димитров атындағы	Петропавл	1753
Анисимова А.	Чапаев атындағы	Мамлют	1752
Родина Е.	«Путь Ленина»	Конюхов	1751
Писаренко А.	«Красная крепость»	Конюхов	1751
Яуфман Е.	Вильямс атындағы	Мамлют	1751
Адлер Л.	«2 пятилетка»	Булаев	1747
Цветцих Е.	«Красный пахарь»	Петропавл	1743
Стариченко Ю.	«Победа»	Булаев	1740
Кириллова К.	«Красное знамя»	Булаев	1731
Виттик Ф.	«Победа»	Булаев	1730
Сарсенбина С.	Стаханов атындағы	Булаев	1736
Лагуткина Г.	«Красный партизан»	Преснов	1737
Вегель А.	«Красный партизан»	Преснов	1728
Жорова Ф.	«Красное знамя»	Булаев	1725
Горбань Н.	Абай атындағы	Преснов	1722
Лагуткина А.	«Красный партизан»	Преснов	1721
Ларушкина М.	«Победа»	Булаев	1719
Елиманова Я.	Карл Маркс атындағы	Булаев	1717
Сабирова Ж.	Карл Маркс атындағы	Булаев	1714
Ушакова Г.	Абай атындағы	Преснов	1700
Болдемат И.	«Победа»	Булаев	1700

Облыстың сүт сауу жөніндегі озат колхоздары

(1954 жылдың 1 октябрінен 1955 жылдың 1 октябріне дейін литр есебімен әрбір сыйырдан сауылған сүт)

Колхозы	Ауданы	Сауылған сүт литр есебімен
«Красный партизан»	Преснов	1986
Сталин атындағы	Совет	1978
«Путь Ильича»	Полудин	1666
«2 пятилетка»	Булаев	1653

лығында жұмыс істейтін адамдардың көпшілігі комсомолецтер мен жастар болып табылады.

Тың және тыңайған жерлерді игеріп жатқан колхоздар мен совхоздарда 86 комсомол-жастар бригадалары мен 182 комбайн агрегаттары жұмыс істейді. Бұл бригадалардың мүшелері егіс даласында қажырлылықпен еңбек етуде. Ауданда жүзге жуық комсомолецтер БЛКЖО Орталық Комитетінің «Тың жерлерді игергені үшін» значегімен наградталды. Колхоздардың мал фермаларында 300-ден астам комсомолецтер жұмыс істейді.

Жақында болып өткен аудандық комсомол конференциясында делегаттар комсомолецтер мен жастардың өндірістегі еңбектерін атап көрсетумен бірге комсомол ұйымдарының жұмысына терең талдау жасады. Олар өздерінің сөздерінде комсомолецтер мен жастардың еңбектегі белсенді-ұйымдастыра алмай отырғаны, олардағы жекелеген комсомолецтердің еңбекте өнеге көрсетпейтіні айтылды. Аудандық комсомол комитетінің нұсқаушылар тобы аудан жастарының өмірінен өзінің тиісті орнын ала алмай келеді.

—Біздің колхозда, —деді «Пламя» колхозы комсомол ұйымының секретары Голубев жолдас, —аудандық комсомол комитетінің МТС аймағы жөніндегі нұсқаушысы жыл бойына небары бір-ақ рет болды. Ол өзінің уақытын көбінесе аудан орталығында өткізіп, село жастарының арасында жиі болмайды. Бұған ең алдымен аудандық комсомол комитетінің бюросы кінәлі ғой деп ойлаймын. Өйткені ол нұсқаушылар тобы қызметкерлерінің жұмысына басшылық пен бақылауды әлсіретіп алды.

Докучаев совхозы комсомол комитетінің секретары Горбаль жолдас аудандық ко-
дандық комсомол комитетінің озат тәжрибелерді зерттеп, насихаттау ісіне жете назар аудармайтынына тоқталды. Аудандық комсомол комитетінің бюро мәжілістері мен пленумдарында комсомол жұмысының жақсы тәжрибелері жөнінде мәселелер талқыланбайды.

· Делегаттар өздерінің сөздерінде жастар арасындағы тәрбие жұмысын жақсартудың қажеттігіне ерекше назар аударды. Аудандық комсомол комитетінің жанындағы лекторлар тобы жыл бойы небары 53 лекция ғана оқыған. Осы сияқты бірқатар жерлерде комсомолецтер комсомол оқуы жүйесіне қамтылмаған.

Конференция комсомол ұйымдарының жұмысын жақсарту жөнінде шаралар белгіледі, аудандық комсомол комитетінің жаңа құрамын сайлады.

И. ЕНГОВАТОВ.

Каганович атындағы	Совет	1880	«Новый путь»	Конюхов	1621
«Путь к социализму»	Ленин	1850	Стаханов атындағы	Булаев	1619
«Щит»	Октябрь	1827	«Искра»	Конюхов	1605
«Победа»	Преснов	1811	«Гигант»	Булаев	1538
«Колос»	Конюхов	1807	Буденный атындағы	Булаев	1532
Сталин атындағы	Преснов	1752	«Красное знамя»	Булаев	1531
Киров атындағы	Преснов	1750	Мичурин атындағы	Конюхов	1432
«Красная крепость»	Конюхов	1749	«Пролетарское знамя»	Конюхов	1432
«Коминтерн»	Булаев	1700	Карл Маркс атындағы	Булаев	1373
«Победа»	Булаев	1678	Калинин атындағы	Булаев	1365
Абай атындағы	Преснов	1675			

МТС-терде машина-трактор паркін жөндеуді үлгілі ұйымдастырайық

Үстіміздегі жылы МТС-терде жөндеу жұмысының көлемі әлдеқайда ұлғайып отыр. Облыс машина-трактор станциялары биылғы жылдың өзінде ғана қосымша 15 аттың күшімен есептегенде 1458 трактор және 530 комбайн, мыңдаған жаңа ауылшаруашылық машиналарын алды. Ал біздегі машина-трактор мастерскойлары болса негізінен былтырғы көлемінде қалып отыр. Демек, бұл тракторларды жөндеуді деркезінде сапалы аяқтап шығу үшін үлкен еңбек пен асқан ұйымшылдық керек деген сөз. Әсресе дизельді тракторлар мен өздігінен жүретін комбайндар сияқты күрделі машиналарды жөндеуге ерекше назар аудару қажет.

Жөндеу жұмысының табысы бұлармен қатар, оның мезгілінде басталуына, еңбектің дұрыс ұйымдастырылуына, машина жөндеудің озат технологиясын қолдана білуге және құралдарды жұмысқа тиімді пайдалануға тікелей байланысты. Жөндеу жұмысының машина-трактор паркін пайдаланудағы ролін жете түсініп, Куйбышев, Коновалов МТС-тері колхоздарда машиналар жөндейтін жақсы-жақсы мастерскойлар жасады. Булаев, Суворов және Ильич МТС-терінде қосымша бірнеше гараждар салынған. Сондай-ақ Полудин, Преснов және Тимирязев атындағы МТС-тер де жөндеу жұмысына ойдағыдай әзірленді. Бұларда мастерскойларға бумен жылытатын батереялар, көтергіш крандар, жүрғыш машиналар, механикаландырылған балғалар және шынжыртабанды престегіш станоктар орнатылған. Бірқатар МТС-терде име валды және поршень топтарын жөндеу жөніндегі ауданаралық жөндеу посталары ұйымдастырылды.

Машиналарды жөндеу жұмысын ұйымдастыруға әсресе Булаев МТС-і басшыларының (директоры Лепехин, бас инженері Логвин жолдастар) ерекше назар аударғанын атап айту қажет. МТС-те биыл стандартты жөндеу мастерскойы салынды. МТС басшылары ескі мастерскойларды жақсы жабдықтап, қосымша жұмыс алаңдарын жасады, жөндеушілердің жұмысты өнімді істеуіне жағдай туғызды.

Дегенмен тракторларды жөндеу жұмысының 1 октябрьден жаппай басталғанына қарамастан, көптеген МТС-терде бұл іс әлі де қолға алынбай отыр. Мысалы, Петропавл МТС-інде (директоры Данилов, бас инженері Долгушин жолдастар) мастерской мен қосымша цехтар әлі күнге іске әзірленбеген.

МТС-те жөндеу жұмысын жүргізудің жоспары да жасалмаған. Мастерскойлардың қабырғалары құлағалы тұр. Мыс цехы жаңада ғана жөнделе бастаған. Сондай-ақ машиналарды жуатын, клапандарды тегістейтін бөлімшелер де жұмысқа әзірленбеген, цехтар электр жарығымен қамтамасыз етілмеген. Механизаторлардың көбі колхоздарда. Олар жұмысқа директордың бұйрығымен бекітілмеген. Машиналарды МТС усадьбаларына жеткізу ісі де нашар. Ал әкелінгендері маркаларына, түріне қарай іріктелмей, қалай болса солай орналастырылған. МТС-ке жеткізілген жыйырмадан аса трактордың үшеуі-ақ актіленіп алынған.

Жөндеу жұмысының жайы Николаев, Асанов және Коновалов МТС-терінде де осындай. Бұларда осы уақытқа дейін бірде-бір трактор жөнделген жоқ.

Егін жыйнау науқанының аяқталғанына айжарым уақыт өтсе де, облысымызда 19 МТС комбайн жөндеуге мүлдем кіріспей отыр. Қазіргідей күннің жылы-шуақ кезі комбайндарды ашық далада-ақ қорғанбай жөндеуге мүмкіндік береді. Бірақ мұндай мүмкіншілікті Куйбышев атындағы, Сартомар, Майбалық және Се-миполка МТС-терінің пайдалана алмауы өкінішті-ақ.

Жөндеу жұмысының нашар жүруінің басты бір себебі жөндеу мастерскойларында еңбектің дұрыс ұйымдастырылмауында болып отыр. Елімізде машина-трактор станцияларының жөндеудің жаңа технологиясына көшкеніне — тракторлардың тораптық әдіспен жөнделе бастағанына төрт жылдан аса уақыт өтті. Машиналарды тораптап жөндеуге қажетті жағдайлар толық бар. Бірсыпыра МТС-тер бұл жөнінде айтарлықтай тәжрибеге де ие болды.

Жөндеу кезінде әсресе трактор мен ауылшаруашылық машиналарының сапалы болуына назар аудару қажет. Машиналардың жөндеуден белгіленген уақыттан кеш шығуына, жекелеген детальдарды тракторшылардың немесе бригадирлердің өздері апарып орнатуына, МТС-тің қабылдау комиссияларының мұны көрмей кеңседе отырып акты жасауына жол берілмеуге тиіс.

Тракторларды күзгі-қысқы жөндеу жұмысында МТС-терге Мамлют жөндеу заводы үлкен көмек көрсететін болуы керек. Завод үстіміздегі жылы көптеген дизель двигательдерін алды. Онда МТС-терге қарағанда двигательдерді әлдеқайда сапалы етіп шығаруға толық жағдай бар. Дегенмен заводтың қазіргі жұмысы әлі де болса талапқа сай болмай келеді.

Машина-трактор станцияларының басшылары мен барлық механизаторлар Ұлы Октябрь социалистік революциясының 38 жылдық мерекесін ауылшаруашылық жұмыстарын табысты аяқтаумен бірге, тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеу қарқынын барынша өрістете отырып қарсы алуға тиіс.

Г. НЕСПРЯДЬКО,
Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бас инженері.

Мемлекетке сүт тапсыру және сату жоспарын орындаған озат колхоздар

(Сүт тапсыру және сату жөніндегі 1955 жылғы жоспардың орындалу проценті)

Колхозы	Ауданы	Жоспардың орындалу проценті	Колхозы	Ауданы	Жоспардың орындалу проценті
«Пламя революции»	Полудин	393,3	«2 пятилетка»	Булаев	127,3
Ворошилов атындағы	Полудин	286,0	«Путь Ильича»	Конюхов	126,6
Ленин атындағы	Полудин	255,8	«Красный партизан»	Преснов	126,2
«Красный пахарь»	Петропавл	241,1	Маленков атындағы	Преснов	126,1
Тельман атындағы	Полудин	215,7	Сталин атындағы	Полудин	126,0
Киров атындағы	Полудин	215,0	Париж коммунасы атындағы	Полудин	125,1
«Колос»	Конюхов	214,8	«Искра»	Конюхов	123,0
Чапаев атындағы	Полудин	208,6	«Путь Ильича»	Соколов	122,9
«Победа»	Соколов	201,5	«Победа»	Преснов	122,1
Буденный атындағы	Полудин	197,7	Куйбышев атындағы	Мамлют	122,0
Вильямс атындағы	Мамлют	197,0	«Путь Октября»	Приешім	122,0
«Прогресс»	Полудин	196,5	«Красный Октябрь»	Полудин	120,7
Пушкин атындағы	Петропавл	193,7	Куйбышев атындағы	Конюхов	118,9
«1-ое Мая»	Ленин	191,0	«Организованный труд»	Преснов	118,5
Молотов атындағы	Конюхов	190,4	Сталин атындағы	Ленин	117,5
«Зеленая роща»	Приешім	188,0	«Мир»	Ленин	117,0
Аманкелді атындағы	Полудин	182,5	Каганович атындағы	Мамлют	115,0
Молотов атындағы	Приешім	182,0	Ленин атындағы	Булаев	114,8
«Новая жизнь»	Приешім	181,0	Молотов атындағы	Полудин	114,6
Жданов атындағы	Мамлют	175,0	«III-Интернационал»	Приешім	114,0
«Победа»	Булаев	171,6	«Гигант»	Булаев	114,0
Киров атындағы	Петропавл	169,5	«Индустрия»	Мамлют	113,0
«Бірлік»	Ленин	169,0	«Щит»	Октябрь	112,0
«Борьба»	Приешім	165,0	Сталин атындағы	Мамлют	111,0
«Қазақстанның 30 жылдығы»	Петропавл	164,3	«Пролетарское знамя»	Конюхов	110,8
Буденный атындағы	Петропавл	162,0	«Жизнь»	Преснов	110,8
Хрущев атындағы	Преснов	160,0	«Трудовой гурток»	Преснов	109,3
Пушкин атындағы	Соколов	159,0	«Победа»	Полудин	108,1
Сталин атындағы	Петропавл	158,3	Ворошилов атындағы	Петропавл	108,1
«Қазақстанның 30 жылдығы»	Полудин	156,6	«Советский»	Ленин	108,0
Ленин атындағы	Соколов	152,6	Буденный атындағы	Булаев	107,1
Буденный атындағы	Соколов	151,6	Буденный атындағы	Ленин	107,0
«Красное знамя»	Полудин	149,7	Калинин атындағы	Октябрь	107,0
Чкалов атындағы	Мамлют	149,1	«Путь Ленина»	Приешім	107,0
«Большевик»	Конюхов	146,6	Карл Маркс атындағы	Булаев	106,4
Мичурин атындағы	Конюхов	144,9	«Красные всходы»	Приешім	106,0
«Колос»	Совет	144,8	Калинин атындағы	Соколов	105,9
«Путь социализма»	Полудин	144,4	Киров атындағы	Соколов	104,7
«Коминтерн»	Булаев	138,0	Сталин атындағы	Совет	104,1
«Путь Ленина»	Соколов	137,2	«Путь Ильича»	Октябрь	104,0
Қазақстан атындағы	Соколов	136,7	Ленин атындағы	Ленин	104,0
Ленин атындағы	Преснов	135,6	«Путь коммунизма»	Совет	103,1
Каганович атындағы	Совет	135,4	«Память Ильича»	Ленин	103,0
Калинин атындағы	Приешім	134,0	«Путь коммунизма»	Соколов	103,0
Молотов атындағы	Ленин	134,0	Калинин атындағы	Петропавл	102,8
«Новый путь»	Булаев	131,0	Молотов атындағы	Мамлют	102,8
«Заря коммунизма»	Соколов	129,7	«Красная крепость»	Конюхов	101,9
Ворошилов атындағы	Мамлют	129,0	Ленин атындағы	Конюхов	100,1
«Заря коммунизма»	Мамлют	128,0	Киров атындағы	Ленин	100,0
			Сталин атындағы	Приешім	100,0

Оқу бөлімдері меңгерушілері мен мектеп директорларының облыстық кеңесі

Жуырда мектеп директорлары мен аудандық оқу бөлімдері меңгерушілерінің облыстық кеңесі болып өтті. Мұнда мектептердегі политехникалық оқудың жайы және оны жақсарту шаралары, педагогикалық кадрлардың саяси-теориялық және методикалық білімдерін көтеру, мектеп оқушыларының арасындағы тәртіпті жақсарту жөнінде мәселелер қаралды.

Мектептердегі политехникалық оқудың жайы, оны онан әрі жақсартудың шаралары және міндетті оқу заңының орындалуы жөнінде баяндама жасаған облыстық оқу бөлімінің меңгерушісі А. В. Щербаков жолдас жаңа жоспар мен программаны жүзеге асырудағы көптеген жетістіктер мен кемшіліктерге тоқталды.

Баяндамашы мұнан кейін облыс мектептерінде міндетті оқу заңының толық орындалмай отырғандығы жөнінде, соның салдарынан үстіміздегі жылы облыс мектептері бойынша 200-ден аса мектеп жасындағы балалар мен қыздар ешқандай себепсіз, оқуға тартылмай отырғандығы жөнінде айтты.

Баяндамада кейбір мектептердің директорлары мен оқу ісі меңгерушілерінің мұғалімдердің күнделікті сабақтарын жаңа жоспар мен программаның негізінде қалай өткізіп жүргендігін бақылап, мұғалімдердің сабақтарында кездесіп жүрген қыйыншылықтар мен кемшіліктерді зерттеп, олардың жұмыстарына көмектесіп отырмайтындықтары көрсетілді. Мәселен, Совет ауданының Смирнов орта мектебінің директоры Друзь жолдас оқу жылы басталғаннан бері бірде-бір оқытушының сабағына қатыспаған. Ал тәжрибесі аз жас мұғалімдердің методикалық көмек тілейтіні мәлім. Бірақ Друзь жолдас бұл жағдайды ескермеген.

Мектеп басшыларының өз жұмыстарына осындай жауапсыз қарауларының салдарынан, мұғалімдердің оқу-тәрбие жұмыстарын қалай ұйымдастырып жүргендігін бақыламауларынан кейбір мұғалімдер өздерінің сабақтарына дайындықсыз келеді, оқушылардың алдында совет мұғалімінің беделіне нұқсан келтірерлік өрескел қателер жібереді. Бұған мысал ретінде мына бір фактіні алуға болады. Тарих пәнінің оқытушысы Қазбековтан (Преснов ауданы) оқушылар «интервенция» және «азамат соғысы» деген ұғымдарды түсіндіруді сұраған. Оқытушы «Интервенция дегеніміз —помещиктермен соғыс, ал азамат соғысы дегеніміз—кулактармен соғыс» деп жауап берген.

Баяндамашы мектептердегі оқу-тәрбие жұмыстарын жақсартудың, бұл жұмыстарды бүгінгі талапқа сай жүргізудің жолдарын атап өтті.

... саяси-идея-шілік жағдайларына бейімділігі туралы бір де сөз айтпады. Методологиялық талаптардың дәл осындай басты мәселелерін ескермеу облыс мектептерінің көптеген мұғалімдерінің сабақтарында кездеседі.

Бұдан кейін баяндамашы өзінің сөзінде мұғалімдердің саяси-идеялық білімдерін көтеру жөніндегі мәселеге тоқталды. Ол мұғалімдердің саяси-идеялық білімдерін үздіксіз көтерудің оқу-тәрбие жұмыстарын онан әрі жақсартуға әсер ететіндігін атап өтті.

Мектеп директорлары мен оқу бөлімдері меңгерушілерінің кеңесінде қосымша баяндама жасаған облыстық оқу бөлімі мектептер секторының меңгерушісі С. Шевченко жолдас өзінің баяндамасында мектеп оқушыларының арасындағы тәрбие жұмысындағы жетістіктер мен кемшіліктерді көрсете келіп, мектептердегі тәрбие жұмыстарын жақсартудың қазіргі талаптарға сай нақтылы шараларына тоқталды.

Баяндамалар бойынша жарыссөзге шығып сөйлеген Калинин атындағы № 5 орта мектептің директоры Қалиев жолдас өзінің сөзінде қала мектептеріндегі мастерскойларды жабдықтау ісіне өнеркәсіп орындары басшыларының көмектеспей отырғандықтарын және бұл мәселе жөнінде облыстық, қалалық оқу бөлімдері мен облыстық Совет атқару комитетінің ешқандай шара қолданбай келгендіктерін сынады.

Қаладағы Герцен атындағы № 6 мектептің директоры Астафьев жолдас педагогикалық институттың жұмысындағы кемшіліктерді сынады. Қаладағы педагогикалық институт студенттерге теориялық жағынан ойдағыдай білім береді. Бірақ мектептерге институттан келген жас мұғалімдер тәрбие жұмысын ұйымдастыруды және оны қалай жүргізуді білмейді. Мұның себебі қаламыздағы педагогикалық институтта судентерге түрлі тәрбие жұмыстарын жүргізудің әдістері үйретілмейді.

—Бізге, —деді Надеждин жетіжылдық мектебінің директоры Сафиханов жолдас, —жаңа жоспар, жаңа программа әлі де болса түгелдей барлық пәндер бойынша жеткізілмей отыр. Қазақ ССР Оқу министрлігі және облыстық оқу бөлімі село мектептеріне жаңа жоспарды дер кезінде жеткізуді ескермеді. Біз бұл күнге дейін орыс тілі, математика пәндерінің жаңа программаларын ала алмай отырмыз.

Жарыссөзге шығып сөйлеген Ақсу жетіжылдық мектебінің директоры Әлібаев жолдас аудандық оқу бөлімдерінің мектептерді мұғалім кадрларымен толықтыру ісіне дұрыс көңіл бөлмейтіндіктерін

Бұл балалар Отанымыздың астанасы —Москвадан облысымыздың Ленин атындағы совхозына тың игеруге келген ата -аналарымен бірге көшіп келген болатын. Кәзір олар біздің облысымыздың табиғат жағдайына дағдыланып алды.

СУРЕТТЕ: тыңның жас тұрғындары. Суретті түсірген **А. Розенштейн**

ЛЕНИН АУДАНЫНДА

ГАЗЕТ-ЖУРНАЛДАРҒА КӨПТЕП ЖАЗЫЛУДА

Аудан еңбекшілері орталық, республикалық, облыстық және аудандық газет-журналдарға көптеп жазылуда. Мәселен, Ленин атындағы ауылшаруашылық техникумының коллективі соңғы 10 күн ішінде 1285 дана газет -журналдарға жазылды. Мұның өзі алдағы жыл үшін белгіленген мөлшерден әлдеқайда көп.

Покровка селосында газет-журналдарға жазылмаған семья кемде-кем. Колхозшыларды баспасөзге жазу жұмысын мұнда байланыс бөлімшесінің бастығы ...

... көбеюде. Мұнда 600-ден астам кітап оқушы жұмысшылар мен колхозшылар бар. Тек биылғы жылдың өзінде кітапханаға 140-тан астам адам тұрақты кітап оқушылар болып тіркелді.

ҮЛГІЛІ КИНОМЕХАНИКТЕР

Аудандық мәдениет бөлімінің участоктік киномеханиктері Петр Халимонов және Иван Прокудин жолдастар СОКП XX съезі құрметіндегі социалистік жарысқа ұштасып, еңбекшілерді киномен үлгілі түрде қамту жөнінде өздеріне көтерінкі міндеттемелер алған еді. Озат киномеханиктер бұл міндеттемелерді абройімен орындап келеді. Мәселен, олар еңбекшілерді ...

Еңбекшілерді кітаппен қамтамасыз ет жұмысын жақсарта берейік

Облыстық кітап саудасы бөлімінің қызметкерлері еңбекшілер арасына кітапты барынша көп тарату жөнінде өздеріне жүктелген міндетті атқаруда ойдағыдай табыстарға ие болып отыр. Бұған үстіміздегі жылдың өткен айлары ішінде облыстағы кітап магазиндері, дүкендері мен кітап киоскалары қызметкерлерінің кітап сату жоспарын 118 процент орындағаны айқын дәлел. Бұл уақыт ішінде қалалық және селолық жерлердегі кітапханаларды кітаппен жабдықтайтын бибколлекторлардың жүргізген табысты жұмыстарын да атап айту керек. Мәселен, олар кітапханаларды жабдықтау жоспарын 270 процент орындап, жоспардан тыс 96 мың сомның кітабын селолық жерлердегі кітапханаларға жеткізіп берді.

Еңбекшілер арасында кітап тарату жұмыстарын өскелең талапқа сай жүргізіп отырған кітап магазиндері мен киоскалар облысымызда көптеп саналады. Бұған мысал ретінде Пресновка станицасындағы № 6 кітап магазинін алуға болады. Бұл магазиннің қызметкерлері үстіміздегі жылдың өткен айлары ішінде 128 мың сомның кітабын сатып, жылдық жоспарды 119 процент етіп орындап шықты. Явленка, Марьевка селоларындағы кітап магазиндерінің жұмыстары да айтарлықтай. Бұл магазиндерден еңбекшілер өздері қалаған кітапты қажетті уақытында тауып ала алады.

Қуанарлық бір жай, биылғы жылы арнаулы жабдықталған автомашиналарда, және жылжымалы кітап киоскаларында кітап сату жұмыстары өткен жылға қарағанда әлдеқайда жақсы жүргізілді. Мәселен Булаев, Октябрь және Преснов аудандарындағы тың және тыңайған жерлерде ұйымдастырылған совхоздардың еңбекшілерін кітаппен қамтыйтын арнаулы автомашиналарға орнатылған кітап магазиндері кітап сату жоспарын ай сайын 1,5— 2 еседен асыра орындап келеді. Ал облыс бойынша жұмыс істейтін алты кітап таратушы 9 ай ішінде өткен жылғы осы уақытпен салыстырғанда кітапты бір жарым есеге жуық көп таратты.

Облысымызда кітап сататын магазиндер мен дүкендер саны да барған сайын өсіп келеді. Ал мұның өзі еңбекшілердің барған сайын өсіп отырған тілегін қанағаттандыру мүддесінен туған шара. Мәселен, қаладағы Ленин көшесіндегі орталық кітап магазині биыл өткен жылға қарағанда біржарым есеге жуық кеңейтілді. Сол сияқты орталық базарда және колхоз базарында жаңадан кітап сататын екі киоска ашылды. Бұл киоскалар алғашқы екі ай ішінде еңбекшілер үшін 25 мың сомның кітабын сатты.

Облыстық мәдениет басқармасы мен об- ... яқты аса маңызды шараны жүзеге асыруда облыс комсомол ұйымдарының көрсеткен зор көмегін атап айту қажет. Мәселен, кітап тарату айлығы кезінде ұйымдастырылған кітап базарлары мен магазиндерде 200-ден астам комсомолецтер белсене қызмет етті. Олар әсресе еңбекшілер арасына кітапты кеңінен насихаттау жұмысын жүргізу мақсатымен кітап туралы арнаулы кештер, лекциялар мен әңгімелер өткізді. Бұл шаралар кезінде игі нәтиже берді де.

Дегенмен облыс еңбекшілерін кітаппен жабдықтау ісінде әлі де болса бірқатар кемшіліктердің орын алып отырғандығын айтпай кетуге болмайды. Мәселен, облыс еңбекшілерінен жекелеген кітаптарға түскен 532 заказдың соңғы айлар ішінде небары 313-і ғана орындалды. Ал № 8 кітап магазині 8 ай ішінде еңбекшілерге кітап сату жоспарын небары 67 процент ғана орындай алды. Соколовка, Боголюбово және Мамлютка селоларындағы кітап магазиндерінің кітап сату жұмысын әлі де болса ойдағыдай ұйымдастыра алмай отырғандығы қынжыларлық-ақ іс.

Аса зор маңызы бар күрделі міндетті шешіп жатқан ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің кітап жөніндегі қажеттерін өтеу облыстық кітап саудасы бөлімі мен облыстық тұтынушылар кооперациялары қызметкерлерінің маңызды міндеті. Бірақ бұл жұмыста осы уақытқа дейін кешіруге болмайтын кемшіліктер орын алып отыр. Облыстық кітап саудасы бөлімінің қызметкерлері қажетті әдебиеттің жеткілікті болуына қарамастан, соңғы айлар ішінде тек 68 ауылшаруашылық кітапханаларын ұйымдастыра алды. Ал облыстық тұтынушылар кооперациясы орталықтан шалғай жердегі колхоздар мен совхоздарға кітап жеткізу жұмысын ойдағыдай ұйымдастыра алмай отыр.

Мына жағдайды атап айту керек. Осы уақытқа дейін облыстық кітап саудасы бөлімі мен облыстық тұтынушылар одағының арасындағы байланыс ойдағыдай емес. Соның салдарынан жергілікті жерлердегі селолық магазиндер мен дүкендерге қажетті тұрмыстық товарлар жеткізілген кезде кітап жеткізу жұмыстары ұмыт қалуда.

Кітап — еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелейтін күшті құрал. Сондықтан да оны еңбекшілер арасында кең насихаттаудың зор маңызы бар. Бірақ әлі де болса бұл жұмыстарды қажетті көлемде өрістетудің маңызын түсінбейтін жекелеген жергілікті партия, совет және комсомол ұйымдарының басшылары әлі де бар.

Еңбекшілерді кітаппен қамту олардың рухани қажетін өтеу деген сөз. Сондықтан да бұл мәселеге ешқандай баяулыққа,

лық және методикалық білімдерін көтеру жөнінде қосымша баяндама жасаған мұғалімдер білімдерін көтеру институтының директоры В. Калинин жолдас өзінің баяндамасында мұғалімдердің жұмыстарындағы көптеген жетістіктерге тоқтала келіп, жаңа жоспар мен программаны жүзеге асыруда кездесіп отырған едәуір кемшіліктерді айтты.

Кейбір мұғалімдер өздерінің сабақтарын дұрыс ұйымдастырудың әдістерін терең ойланбайды, сабақ жоспарларын дұрыс жасамайды. Сондықтан да кейде ондай мұғалімдер өтілмек тақырыптағы ең басты мәселені оқушыларға түсіндірмейді. Мұның өзі оқушыларды материалистік көзқараста тәрбиелеу ісіне едәуір кедергі келтіріп жүр.

Қатанаев жетіжылдық мектебінің оқытушысы Николаев жолдас онбес жылдан бері биология пәнінен сабақ береді. Ол 7 класта зоологиядан балықтардың ішкі және сыртқы құрылыстарын түсіндіргенде, балықтардың өздерін қоршаған тірсынады.

Қаладағы педагогикалық училищенің директоры И. Залманов жолдас өзінің сөзінде училищенің жаңа оқу программасындағы кемшіліктерді сынады. Ол өзінің сөзінде программаның практикалық бөліміне көл еңбегі сабақтарына қанша уақыт бөлінгендігінің көрсетілмегендігін атап өтті. Сонымен қатар шешен өзінің сөзінде училищеде практикалық сабақтар өткізетін мастерскойларды жабдықтауға жеткіліксті қаражат берілмей отырғандығын айтты.

Кеңеске қатысушылар мектептердегі оқу-тәрбие жұмысын жақсартудың және мұғалімдердің жалпы және саяси білімдерін көтерудің нақтылы шараларын белгіледі.

Кеңеске Қазақстан Орталық партия Комитетінің секретары Оспанов, Қазақ ССР Оқу министрі Закарин, облыстық Совет атқомінің председателі Оспанов, КІП облыстық комитетінің секретары Омаров жолдастар қатысты.

Д. Трифонов жолдас жүргізді. Ол 1 қазанға дейін колхозшыларды газет-журналдармен қамту жөніндегі жоспарды асыра орындап шықты.

Волошенка, Бесқұдық байланыс бөлімшелері қамтыйтын елді пункттерде де газет-журналдарға жазылу жұмысы қызу жүріп жатыр. Ал аудан орталығында жұмыс істейтін қоғамдық өкілдер Жингалиева, Бурлева жолдастар село тұрғындарын газет-журналдарға жазу жұмысын ойдағыдай ұйымдастыра алды.

АУДАНДЫҚ КІТАПХАНАДА

Аудандық кітапхананың кітап қоры жылдан-жылға көбейе түсуде. Мәселен, үстіміздегі жылдың өткен 9 айы ішінде бұл кітапхана 1500 данадан астам әдебиеттермен толықтырылды. Олардың ішінде марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектері, совет жазушыларының шығармалары бар. Көзіргі уақытта кітапханадағы әдебиеттер саны 10 мыңнан асады.

Кітапханада кітап оқушылар саны да жылмен қамту жөніндегі
парды 15 октябрьге дейін асыра орындап шықты.

ҚАЛАЛЫҚТАРДЫҢ КӨМЕГІ

Қаладағы жылу-электр орталығының коллективі аудандағы «Бірлік» ауылшаруашылық артеліне бірнеше жылдан бері ойдағыдай көмек көрсетіп келеді. Мәселен, олар биылғы жылы колхоз үшін сыйымдылығы 2500 центнерлік астық қоймасын салып берді. Сол сияқты орталық қырмандағы астық кептіргішті жабдықтауға көмектесті.

Егін жайнау кезінде де олар колхозшы шаруаларға өз көмектерін аямаған жоқ. Бұл кезде мұнда жылу-электр орталығының 30 жұмысшысы бір ай бойы жұмыс істеді.

Қалалықтардың көмегімен артельде радио торабы салынып, жұмысқа қосылды.

В. ВОЛОШИН,
М. САҒДИЕВ.

жылғы август және сентябрь айларында ұйымдастырған кітап тарату айлығы да табыспен өтті. Бұл айлықта облысымыздың алты аудандарында және қаладағы демалыс және тынығу парктінде, колхоз базарларында, сол сияқты орталық павильонда кітап базарлары ұйымдастырылған болатын. Бұл базарларда еңбекшілер ондаған мың сомның кітабын алды.

Еңбекшілер арасында кітап тарату сыболмаса тәзгісіз фактілерге жол беруге болмайды. Жергілікті партия, совет және комсомол ұйымдары облыстық кітап саудасы бөлімі мен облыстық тұтынушылар одағы қызметкерлеріне талапты күшейтіп, еңбекшілер арасына кітапты көп тарату жұмысын ойдағыдай ұйымдастыруға тиіс. Бұл бүгін таңдағы кезек күттірмейтін міндеттердің бірі.

М. АХМЕТОВ.

Атқыштар жарысы

Жуырда қалалық ДОСААФ комитеті Октябрь революциясының 38 жылдығы құрметіне атқыштар жарысын ұйымдастырды. Оған 33 атқыштар командасы қатысты.

Жарыста бірінші орынды № 60 орта мектептің атқыштар командасы жеңіп алды. Олар мүмкіндігі бар 500 ұпайдан 455 ұпай алды.

Жас атқыш А. Макаров мүмкіндігі бар 100 ұпайдан 99 ұпайға ие болып, қала бойынша бірінші орынға шықты. 94 ұпай алған Тимошенко екінші орынға ие болды.

Жарыста 16 адам спорттық разрядтарға норма тапсырды.

И. ТРУФАНОВ.

ТЕАТР

„БӨТЕН БАЛА“

Облыстық драма театры биылғы маусымын Медведев пен Гребневтің «Рухы күштілер» инсценировкасын көрсетумен бастады. Зрительдер жылы қарсы алған бұл спектакль театр артистерінің творчестволық іздену жолында екендігін байқатты. Әрине, біз бұл жерде театр коллективінің актерлік шеберлігі әбден кемелінде келді деуден аулақпыз. Әйтсе де алғашқы спектакль театрдың өткен жылғы кемшіліктерден біраз арылып, жүртшылық пікірінен аз-көп қорытынды шығарғандығын көрсетті. Екінші спектакль— «Бөтен бала» да осыны аңғартады.

В. Шкваркиннің «Бөтен бала» комедиясы еліміздің театр сахналарында 20 жыл бойы табысты қойылып келеді. Өткір де жеңіл комедиялық форма, түсінікті де қарапайым тілі мен айқын да терең саяси мазмұн — Шкваркиннің бұл шығармасына тән қасиеттер. Лирикалық көркем бояулар мен романтикалық иронияға толы, шат көңілді комедия зрительдерді бірден өзіне тартып әкетеді. Мұнда тұрмыс, сүйіспеншілік, жолдастық пен достық мәселелері кең көлемде көтеріліп, советтік қоғам негізінің артықшылығы көрсетіледі. Бұл шығарманың құндылығы, зрительдерді толқытар тартымдылығы да, міне, осында болса керек.

Жақсы жазылған шығарма театр постановкасында қалай шыққан? Сөз жоқ, спектакльді қоюшы театрдың бас режиссері И. Л. Чумаков, актерлер коллективі зрительдер тілегіне сай спектакль жасау жолында көп еңбек сіңірген.

. . . Оқыйға қарт музыкант Сергей Петрович Караулов пен оның зайыбы Ольга Павловнаның Москва маңындағы дачасында болады. Олардың қызы, жас актриса Маня сүйдім деген адамынан алданған, енді аз күнде өмірге жас нәрестенің келуін күткен қыздың ролін ойнауға әзірленеді. Өз роліне әбден берілген Маня, өзінің «заңсыз» туған баласы жайында айтылатын монологті оқыйды. Жасырын тыңдап тұрған таныс қызы Зина мұның барлығы Манямен болған шындық оқыйға деп түйіп, таныс акушеркаға баруға кеңес береді. Маняны сырттай сүйіп жүрген тіс технигі Сеня Перчаткин де естіп, күтпеген оқыйғаға күйзеледі.

Міне, бұл хабар— Маняның «нәресте» күтіп жүргендігі туралы сыбыс жұрттың барлығына да тарап кетті. Ал Маня болса өзінің роль орындау шеберлігін сынайтын мүмкіншілік туғанына аса қуанышты. Ол жұрт көзінше «алданған» қыз болып қала береді. Нақ осы оқыйғаның өзі Маняның ата-анасы, достары мен бозбалалар үшін үлкен сын болды. Осы кезде олардың барлығының да адамгершілік қасиеттері, шын ниеті мен бет пердесі бір жолы ашылғандай.

Бір кезде Маняға «сенен басқа сүйерім жоқ» деген, өз пайдасынан басқаны ойына да алмайтын сұм жүректі Федор Прибылевтің Манямен қатынасы бірден суып жүре береді. Маня оған атақ-данқ үшін ғана керек. Ал қыз мынадай «жағдайға» ұшыраған кезде оның ауыр халіне ортақ болуға Прибылевтің адамгершілік қасиеті жетпейді. Маняның жақын досы студент Костя да зор күйзеліс үстінде. Ол өзіне «Маняны алдаған сұмды қайткен де білсем» деген сұрақ қояды да, соның есесін қайтаруға күш жұмсайды.

Маняның «ауыр» халін, «қайғысын» бірінші болып бөліскен Сеня Перчаткин болды. Бірақ оны бұл шешімге әкелген жалғыз сүйіспеншілік қана емес, шет қақпай болған Манямен қосылу арқылы өзіне бір ерлік жасау ниеті еді. Маня Перчаткинге «бөтен баланың» түгелдей ойдан шығарылғандығын түсіндіреді.

Адамдардың қайта тәрбиеленуі «Бөтен бала» комедиясында шынайы көрсетілген. Маняның болашақ баласы туралы естіген Карауловтардың бар ойы —қайткен күнде де оның шын әкесін табу, Маняны соған қосу. Олар тіпті қызын Прибылевқа да, Перчаткинге де бермек. Тек бақытты болсын. Алайда, көп кешікпей Маняның Прибылевтің «махаббатын» қабылдамай тастағанын, ал Прибылевтің ол үшін Карауловтардың дачасын бұзбақ болғандығы естіледі. Қарттар үшін аса қыйын сын: көп жылғы туған ұясы дачадан немесе туған қыздан айрылуы керек. Шешуші минутта Караулов дұрыс шешімге келеді.

—Оля, біз оған (қызына) бөгет болмайық. . . Маған үй керек емес. . . Прибылев маған десе атамнан әрі кетсін...,— дейді Сергей Петрович әйеліне.

Карауловтар мещандық өмірден енді жаңа өмір құшағына қарай бет алған.

Жаңа адамдар адамгершілік, жаңа мінез-құлық мәселелерін советтік тұрғыдан жаңаша шешеді. Бір кезде Прибылевтің арам ойының шырмауына түскен Рая мен студент-практикант Яша ортақ сүйіспеншілік табады. Маня мен Костя да бақытты. Өз өмірінің мәнін Сергей Перчаткин де түсіне бастаған.

Үлкен тақырыпқа еркін бойлай жазылған комедия осылай аяқталады.

Режиссер Чумаков спектакльдің негізгі идеялық кілтін дұрыс таба білген. Сахнада мещандық өмірдің шіріңді қалдықтары өткір сықақпен мазақ етіліп, қарапайым совет адамдары қарым-қатынастарының шынайы тазалығы мадақталады. Көпшілік мизансценалар жарқын комедиялық формада құрылып, пьеса геройларының әрекеттеріне сай тұрады. Артистердің көпшілігі өз геройларының ішкі дүниесіне бойлай кіріп, олармен біте қайнап өмір сүреді.

Артистка Т. Малинина өзінің ойлы да тартымды ойынымен Маняның ой-пікірін, оның күрделі де толқынды сезімін зрительдерге нанымды жеткізе білген. Актрисаның барлық қимылы, сөз саптауы мен дыбыс ырғағы өз орнында тұрады. Өйткені ол Маня образын жасауда сыртқы көріністе ғана бой ұрмай, оның ішкі өміріне терең үңіліп, сезіне білген. Жас артистка А. Струцкаяның орындауындағы Рая ролі де жақсы әсер қалдырады. Ол өзінің барлық күйініш, сүйініш сезімімен астасып жатқан тартымды образ жасай алған. Станиславский өзің сенбейтін, дұрыс деп санамайтын нәрсені ешуақытта жасауға болмайды деп атап көрсеткен болатын. Струцкаяның табысы да осы қағидада жатқан болуы керек. Раяның жастық өмірінің сырласы Манямен алғаш кездескендегі қуанышы, ақ жарқын көңіл ділігі, Прибылевпен кездескендегі ашы ызасы мен әділ ашуы бір-біріне қаншалықты қарама-қарсы жатса да, зрительдерді толқытарлықтай дәрежеге жеткен. Рая — Струцкаяның Прибылевқа арнаған ашулы сөздерін зрительдердің қол соға қостауы артистканың ойынына берілген жақсы баға деп білу керек.

Карауловтар —ескі өмірдің адамдары. Сергей Петрович бір сөзінде «30 жыл патша кезінде өмір сүрдік, 8 ай бойы Керенский ісінің «қызығын көрдік», — дейді. Ол бұл жылдары сұм заманның нелер шырмауына әбден үйреніп, жаңа өмірдегі жаңа қатынастарды баяу меңгеріп келе жатыр. Бұл рольде даму үстінде ойнау, қарт адамның қайта тәрбиеленуін нанымды көрсету артист М. Александровтың, сөз жоқ елеулі еңбегі, актерлік табысы деуіміз керек. Сол сияқты Ольга Павловнаның ролін атқарған А. Александрова да актерлік техниканы жақсы меңгерген.

Комедиядағы аса күрделі кейіпкер — Сеня Перчаткин. Ерлік өмір іздеп, «өмір баянын» қайтадан бастамақ болып жүрген оның өмір жолы шытырманды да, сәтсіздіктерге де кездесіп отырады. Бірақ ол мойымайды.

—Көзіргі заманның самал желі менің пальтомның етегімен ойнасын, — дейді Перчаткин өзінің болашақ туралы қиялын Маняға айтып тұрып...

Бұл қызықты, нағыз комедиялық кейіпкердің ролін П. Константинов қалап алған. Актер өз міндетін негізінен дұрыс атқарып, біркелкі тәуір ойнағанымен, көп жерде өзін тарта ұстауы көңілді рольдің құндылығына едәуір нұқсан келтіреді.

Жаңа совет жастарының өкілі ретінде Костя мен Яков көрсетілген. Артист В. Скворцов адал махаббатты аяғына дейін сақтау —адамгершілік ардың негізі деп білетін, адал жанды, көңілшек Костяның образын өзіне тән бояумен жақсы жасаған. Костяның ерік-күші алға ұмтылған көңіл күйінен кейін жатады. Мүмкін, оның Прибылевтің алдында кейбір шегінектеуі, Маняның «қайғылы кезінде» бірден ортақ тіл таба алмауы да осының салдары болар. Мұның барлығы Скворцов ойынынан айқын сезіліп, зрительдерді нандырады. Айта кетеріміз сол—Скворцов өз геройын әсу үстінде көрсетуі қажет.

Яша —Костяға қарағанда алған бетінен қайтпайтын, оны іске асыру жолында өзінің бар өнерін аямайтын адам. Артист Г. Шарнин Яшаның адал жолдас, кіршіксіз таза махаббат иесі екендігін нанымды ашады. Зрительдер, әресе, оның Прибылевтің алдауына түскен Раямен сөйлескен сөздерін толқып тыңдайды, екеуінің арасындағы адал махаббатқа риза болысады. Мұндай екі жас өмірінің, сөз жоқ, бақытты да қызықты болатынына сенеді.

Артист Н. Клименко инженер Прибылевтің, Т. Кучина Зинаның рольдерін біркелкі тәуір ойнап шыққан. Клименко — Прибылев әйелдер көзінің құрты, алдамшы мінезді, мен-меншіл адамдардың типі десек артық айтқандық болмайды. Прибылевтің сахнаға шығуы, өзімшіл өркөкіректігі зрительдер арасында өшпенділік туғызады. Ал оның сәтсіздігі мен жеңілістері керісінше жұрты сүйіспеншілікке бөлейді.

Комедия— арзан күлкінің шығармасы емес. Мұны актерлер коллективі дұрыс түсінген. «Бөтен бала» спектаклі зрительдерді өз бастарына сын көзбен қарауға, өмірдегі өз орнына, қоғам ішіндегі тәртібі мен қылығына қайта көз салуға бағыттайды. Прибылев сықақты жат қылықты, ұсақ мінезділердің Яша, Костя, Маня, Рая бастаған жоғары адамгершілігі бар, совет жастарының арасында, жоғары саналы, шат өмірімізде орны жоқ екендігін көрсетіп береді.

Спектакльдің табысты болуына сахна декорациясының жақсы болуы көп әсер етеді. Бұл міндетті суретші Е. В. Караульный ойдағыдай шешкен. Ол жасаған көркем декорация спектакль оқыйғасымен біте ұштасып, зрительдерді шымылдық ашылысымен-ақ көңілдендіре бастайды.

Жоғарыда айтқанымыздай, театрдың алғашқы спектаклі петропавлдықтардың жақсы бағасын алуда. Мұның өзі оларға зор міндеттер де жүктейді. Актерлер коллективі шын мәніндегі творчестволық еңбек етіп, реалистік шығармалар жасауға күш жұмсай берулері керек.

Ә. СҮЛЕЙМЕНОВ.

Төрт держава сыртқы істер министрлерінің Женевадағы кеңесі

31 октябрьдегі мәжіліс

ЖЕНЕВА, 1 ноябрь. **(ТАСС-тың арнаулы тілшісі).** Францияның, Англияның, Совет Одағының және АҚШ-тың сыртқы істер министрлері Кеңесінің кешегі төртінші мәжлісі, бұрын келісілгеніндей, күн тәртібінің үшінші пунктін —Шығыс пен Батыс арасында байланыстарды дамыту туралы мәселені талқылаудан басталды, бұл арада осы мәселе жөнінде сарапшылар тобын құру ескерілді.

Бірінші болып **А. Пинэ** сөз сөйледі.

Ол Шығыс пен Батыс арасында мәдениет және сауда қатынастарын дамытуды жақтаған пікір айтты.

Пинэ былай деп мәлімдеді: егер Франция мен ССРО арасында сауданың көлемі қысқарып отырған болса, мұның өзі Францияның кінәсінен болған жоқ, қайта оның айтуынша, Шығыс Европа елдерінің сауда саясатының салдарынан болдымыс. Ал стратегиялық товарлар дейтіндерді ССРО-ға апаруға тыйым салу жолымен батыс елдерінің саудаға қойып отырған шектеріне келетін болсақ, А. Пинэнің айтуынша, бұл шектер қолданылып отырған сектордың шеңбері тар екендігі соншалық, мұнда осы шектерді жою арқылы сауданы едәуір ұлғайтуға болады деп дәмелену мүмкін емес.

А. Пинэ Франция мен ССРО арасында ынтымақты ұлғайтуды жақтаған пікір айтты және, неғұрлым тиянақты ұсыныстарды кейініректе енгізу правосын өзінде сақтап, информация алысу саласында кейбір шаралар жүргізуді ұсынды.

Г. Макмиллан да былай деп атап көрсетті: Англияның үкіметі халықтар арасындағы еркін қарым-қатынасқа және бейбіт саудаға бөгет болып отырған кедергілерді жоюға зор маңыз беруде.

Макмиллан Англия мен ССРО арасындағы байланыстарды ұлғайту саласында прогресс болғанын, бірақ оның жеткіліксіз екенін атап өтті, мұның себебі, Макмилланның айтуынша, Совет Одағының позициясынан болып отыр-мыс.

Сауда байланысын дамытуға тоқтай келіп, Г. Макмиллан, Пинэ сияқты, стратегиялық товарлар дейтіндер жөнінде ССРО-мен сауда жасауға Батыста қойылып отырған шектер зор роль атқарып отырған жоқ дегенді айтты. Оның мәлімдеуінше, ағылшын-совет сауда қатынастарының жеткіліксіз дамып отырғанына Совет Одағының сыртқы сауда саясаты кінәлі болып отыр-мыс.

Қорытындысында Г. Макмиллан былай деді: ағылшын делегациясы бейбіт сауданы ұлғайтуға жеткізе алатын ұсыныстардың қандайын болса да тілектестікпен қарауға әзір отыр.

Ол сонымен бірге мынаны атап өтті: соңғы уақытта ... халықаралық жұртқа мәлім. Мысалы, көптеген товарлар экспортына тыйым салу, несие саласындағы әдеттегі өзара қатынастарды бұзу, сауда кемелерінің теңізде еркін жүзуіне кедергі келтіру және басқалары осындай шараларға жатады. . .

Осыған байланысты Совет делегациясы былай деп санайды: сарапшылар Комитетінің ең алдымен мемлекеттер арасында өзара экономикалық қатынастарды дамытуға бөгет болып отырған кемсітушілік шараларын жою туралы мәселе қарағаны жөн болар еді. Мұның өзі үкімет Басшыларының байланыстарды дамыту туралы Директиваларының бірінші бөлімінде айтылғандарға сай келген болар еді.

Мәдениет, ғылым және техника мәселелеріндегі байланыстарды дамытуда әлі де істелетін жұмыстар аз емес, деді Молотов бұдан кейін. Өнеркәсіптегі, ауыл шаруашылығындағы тәжрибені алысу шаралары, қоғам және мәдениет қайраткерлерінің делегацияларын алысуды ұлғайту, туризмді дамыту пайдалы болады. Мұның өзі үкімет Басшыларының байланыстарды дамыту туралы Директиваларының екінші бөліміне сай келеді.

Совет делегациясының басшысы былай деп атап көрсетті: ССРО мен басқа мемлекеттер арасында байланыстарды дамытуға атсалысу үшін Совет Одағы барлық шараларды істеп отыр. Ол осыған мысал ретінде Англияның, Индияның, Швецияның, Сирияның, Финляндияның, Югославияның, Жапонияның, Францияның, Бельгияның, Люксембургтің парламент делегацияларының Совет Одағында болғанына назар аударды.

Ол сонымен бірге мынаны атап өтті: соңғы уақытта Совет Одағының көптеген елдермен, соның ішінде Англиямен, Франциямен, АҚШ-пен мәдениет байланыстары қызу жасала бастады.

Совет Одағы, деп мәлімдеді Молотов қорытындысында, Шығыс пен Батыс арасында байланыстарды кеңінен дамытудың жақтаушысы болды және болып отыр, ол бұл салада жақсы нәтижелерге жету үшін өзіне байланысты барлық шараларды қолдануға, сөйтіп халықаралық шиеленісті онан әрі бәсеңдету ісіне атсалысуға әзір отыр.

В. М. Молотов сөзінің қорытындысында Совет делегациясы белгілеген «Шығыс пен Батыс арасында байланыстарды дамыту туралы» ұсынысты тапсырды (бұл ұсыныс газетіміздің бүгінгі номерінде басылып отыр.—**Ред.**).

Күн тәртібінің үшінші пункті жөнінде АҚШ делегациясының ...

...ның өзінде біркелкі сауда байланысына Шығыс Европаның елдері бөгет болып отыр-мыс деген сөздер қайталап айтылған.

Өзінің істеген жұмысы туралы 10 ноябрьге дейін министрлерге баяндама тапсыруға тиісті сарапшылар Комитеті құрылғаннан кейін, министрлер, бұрын келісілгеніндей, күн тәртібінің бірінші пунктін —европалық хауіпсіздік және Германия туралы мәселені талқылауға қайтадан кірісті.

В. М. Молотов герман мәселесін қарауға қатысу үшін Герман Демократиялық Республикасы мен Герман Федералдық Республикасының өкілдері шақырылсын деген ұсыныс енгізді.

Төрт ұлы державаның, деді ол, Германияға қатысы бар қарарларды немістердің қатысуынсыз қабылдаған кездері болды. Соғыстан кейінгі алғашқы жылдарда мұның себебі түсінікті еді. Ал қазір, Германияның территориясында суверенді екі герман мемлекеті құрылып отырған кезде, әңгіме басқаша болып отыр. Бұл жағдайда олардың өкілдерінің қатысуынсыз герман мәселесі жөнінде қарарлар қабылдау қолайсыз іс болар еді.

Д. Даллес, А. Пинэ және **Г. Макмиллан** Совет делегациясының ұсынысына қарсы шықты. Үш батыс державасының министрлері былай деп мәлімдеді: олар Герман Демократиялық Республикасының өкілдерін шақыруға қарсы болады, өйткені ГДР үкіметін батыс державаларының үкіметтері таныған жоқ. Олар ешқандай дәлел келтірместен, ГДР үкіметі ГДР халқының өкілі болып табылмайды-мыс дегенді айтты.

В. М. Молотов мұндай сөздердің негізсіз екенін атап өтті. Қайсы бір мемлекеттің, деп мәлімдеді ол, басқа мемлекетті танығысы келмейтіні бір мәселе, ал әңгіме болып отырған мемлекеттегі нақты жағдай —бұл мүлде басқа мәселе. Барлық әңгіме мынада: герман халқының ГДР-де мекендеп отырған бөлегі Герман Демократиялық Республикасының үкіметін танып, құрметтеп және қолдап отыр.

Совет делегациясы, деп көрсетті Молотов, Герман Демократиялық Республикасындағы істің жайымен таныс, сондықтан ол мұнда шын мәнісінде еркін сайлау өткізілді, бұл сайлауда Герман Демократиялық Республикасының қазіргі үкіметінің бүтіндей және бірауыздан қосталып отырғаны айқын білдірілді деп сендіре алады.

АҚШ, Франция және Великобритания өкілдерінің, деді Молотов бұдан кейін, ...

Үкіметі, өзінен-өзі түсінікті болып отырғанындай, қазіргі договорлар мен келісімдер (Солтүстік-атлантикалық блок, Батыс-европалық одақ, Варшава договоры) кейіннен күшін жоюға тиіс және олардың негізінде құрылған соғыс топтары жойылуға тиіс деген пікірге сүйенеді. Бірақ қазіргі уақытта, Европадағы хауіпсіздік туралы договор жайындағы осы ұсыныспен байланысты, ол бұл договорды қолданудың нақты мерзімі туралы және оның орнына жалпыевропалық договор жасасу туралы ұсыныстар енгізбейді.

Молотовтың көрсеткеніндей, Совет Үкіметі сонымен қатар мынадай пікірге сүйеніп отыр: договор жасаудың договорға қатысушы мемлекеттердің қазіргі договорлар мен келісімдер бойынша өздеріне алған міндеттемелеріне, сонымен қатар мемлекеттердің, қарулы шабуыл жасалғандай жағдайда, БҰҰ Уставының 51-статьясында көзделген жеке және коллектив болып өзін-өзі қорғау праволарына қатысы болмауға тиіс. Европалық хауіпсіздік туралы мәселені қарай отырып, деді Молотов бұдан кейін, біз гитлерлік басқыншылықтың салдарынан өздерінің халықтары соншалықты көп апаттарды басынан кешірген Польша, Чехословакия, Югославия, Греция және басқа европалық мемлекеттер сияқты мемлекеттердің хауіпсіздігі туралы ойламай отыра алмаймыз.

«Германияны қайта қосумен байланысты арнаулы кепілдіктер» туралы договордың батыс державалары ұсынған жобасында, деп атап көрсетті Молотов, бұл договорда, мысалы, Германиямен шекаралас мемлекеттердің хауіпсіздігі көзделіп отырғаны-отырмағаны туралы ештеңе де айтылмаған.

Совет делегациясының басшысы кеңестің қарауына Европадағы хауіпсіздік туралы договордың жобасын ұсынды. (Бұл ұсыныстың тексті газетіміздің бүгінгі номерінде басылып отыр.—**Ред.**).

Молотов бұдан кейін Европада қару-жарақты шектеудің және инспекциялаудың ерекше аймағын құру туралы үш министрдің ұсынысына тоқталды.

Үш министрдің жобасында, деді Молотов, «қайта қосылған Германия мен Шығыс Европа елдері арасындағы демаркациялық линияның екі жағындағы» аймақ туралы айтылған. Мұндай ұсыныс «Шығыс пен Батыс арасындағы» аймақ туралы үкімет Басшыларының Директиваларына сай келмейді және барлық жұртқа мәлім болып отырған істің нақты ...

Шығыс пен Батыс арасындағы байланыстарды дамыту туралы

(ССРО ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ ҰСЫНЫСЫ)

ССРО, АҚШ, Великобритания және Франция үкіметтері Басшыларының Шығыс пен Батыс арасындағы байланыстарды дамыту мәселесі жөніндегі Директивасында «(а) халықтар арасындағы еркін қатынасқа және бейбіт саудаға кедергі жасайтын бөгеттерді бірте-бірте жоюға, және (б) мүдделі елдер мен халықтар үшін өзара қолайлы еркін қарым-қатынастар мен байланыстарды жүзеге асыруға жеткізетін шараларды, оның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымының органдары мен мекемелеріндегі мүмкіндігі бар шараларды да» зерттеу қажеттігі көрсетілген еді.

Осыған сәйкес төрт державаның сыртқы істер министрлері, мемлекеттер арасындағы бейбіт ынтымақты нығайтуға жәрдемдесу тілегін басшылыққа ала отырып, мынаған келісті:

1. Шығыс пен Батыс арасындағы халықаралық сауда саласында қазіргі бар кедергілер мен шек қоюшылықтарды жоюды және сауда, теңізде жүзу мәселелерінде неғұрлым қолайлы жағдай жасау принципін қолдануды ескере отырып, халықаралық сауданы дамытуға жәрдемдесу жөніндегі шараларды қолдану қажет деп танылады.

2. Төрт держава барлық елдердің сауда кемелерінің теңіз бұғаздары мен халықаралық маңызы бар каналдардан тоқтаусыз өтіп тұруына жәрдемдесу жөнінде және кейбір мемлекеттермен теңіз арқылы қатынас жасау жөнінде қазіргі уақытта қолданылып отырған шек қоюшылықтарды жою жөнінде өздеріне байланысты шараларды қолданады.

3. Халықаралық ғылыми-техникалық байланыстарды және, атап айтқанда, атом қуатын бейбіт мақсатқа (техникада, ауыл шаруашылығында, медицинада және сондайларда) пайдалану саласында тиісті мамандарды қатыстыра отырып кеңестер шақыру жолымен шаралар қолданылады және төрт державаның өкілдері ғылым мен техника саласында халықаралық ынтымақ орнату мәселелерімен шұғылданатын халықаралық ұйымдарда басқа да тиісті адымдар жасап отырады.

Ең таяудағы шаралар ретінде 1956 жылы атом қуатын денсаулық сақтау саласында қолдану мәселесі жөнінде Халықаралық конференция шақыру жөн болады деп есептелсін.

4. Төрт держава арнаулы халықаралық ұйымдарға (МОТ, ЮНЕСКО, ВОЗ, МСЭ және басқаларына) қатысуды тілеген мемлекеттердің бәрін қатыстыруды жақтайды.

5. Сол сияқты, мынадай шаралар, оның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымының органдары мен мекемелеріндегі Шығыс пен Батыс арасында өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы жөнінде, мәдени байланыстар мен туризмді дамыту жөнінде қарым-қатынасты нығайтуға себепші болатын шаралар қолданылады:

а) тәжрибе ауысу, бұл саладағы тиісті елдердің жетістіктерімен танысып отыру мақсатымен өзара делегациялар жіберісіп отыру және өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, сауда қайраткерлерін бір-біріне жіберіп отыру;

б) ғылым мен мәдениет қайраткерлерінің арасындағы неғұрлым кең қарым-қатынасты күшейту және мәдени байлықтарды алысып-берісіп отыру мақсатымен, елдердің арасында мәдени байланыстарды ұлғайту, мұнда елдер арасында мәдени ынтымақ жөнінде тиісті келісім жасау қажет екендігін көздеу;

в) ғылыми-зерттеу институттарының, кітапханалардың, ғылми және мәдени ассоциациялардың, қоғамдық ұйымдардың және жеке адамдардың арасында баспасөз шығармаларын (кітаптар, журналдар, газеттер және басқалар) алысып-берісіп отыруды ұлғайту;

г) халықаралық туризмді, сол сияқты елдердің арасындағы спорт байланыстарын неғұрлым кең дамыту шараларын қолдану;

д) иммиграциялық және басқа ережелер жөнінде мемлекеттер арасындағы жоғарыда айтылған қарым-қатынастарды ұлғайтуға қиындық туғызатын қазіргі бар жасанды кедергілерді жою шараларын қолдану.

Европадағы хауіпсіздік туралы договордың жобасы

(ССРО ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ ҰСЫНЫСЫ)

Бейбітшілікті нығайтуға ұмтылумен жігерленіп және халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге, мемлекеттер арасындағы қатынастарда сенім орнатуға барынша себепші болу қажеттігін мойындай отырып,

Біріккен Ұлттар Ұйымының бейбітшіл...

...па Европада договорға қатысушы бір немесе бірнеше мемлекетке қарулы шабуыл жасалу хауіпі туса, ондай хауіпті болдырмау үшін тиімді шаралар қолдану мақсатымен әрдайым өзара консультация алысып отырады. Договорға қатысушы мемлекеттің біріне шабуыл жасалған ...

Бұдан кейін талқыланып отырған мәселе жөнінде **В. М. Молотов** мәлімдеме жасады.

Ол төрт держава үкіметтері басшыларының сыртқы істер министрлеріне, сарапшылар арқылы:

біріншіден, халықтар арасындағы еркін қарым-қатынас пен бейбіт саудаға бөгет болып отырған кедергілерді бірте-бірте жоюға жеткізе алатындай және

екіншіден, мүдделі елдер мен халықтар үшін өзара тиімді еркін қатынастар мен байланыстарды жүзеге асыруға жеткізе алатындай шараларды, соның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымының органдары мен мекемелеріндегі шараларды зерттеу міндетін тапсырғанын еске салды. Молотов бұдан кейін ССРО Министрлер Советінің Председателі Н. А. Булганиннің баяндамасы бойынша қабылданған ССРО Жоғарғы Советінің 1955 жылғы 5 августағы қаулысынан цитата келтірді, бұл қаулыда былай делінген: «елдердің қоғамдық және саяси құрылысының қандай екеніне қарамастан, суверенді праволарды құрметтеу, ішкі істерге араласпау негізінде олардың арасында неғұрлым көлемді саяси, экономикалық және мәдени байланыстар орнату халықтардың мүдделеріне сай келеді және олардың арасында бейбітшілікті, достық пен ынтымақты нығайтуға жеткізеді».

Молотовтың көрсеткеніндей, Совет делегациясы Шығыс пен Батыс арасында байланыстарды дамыту мәселелері жөнінде сарапшылар Комитетін құруды жөн болады деп санайды.

Пинэ мен Макмилланның Шығыс пен Батыс елдері арасында байланыстарды дамыту қажет екендігі жөніндегі айтқандарына өзінің қанағаттанатынын білдіріп, Совет делегациясының басшысы бұл елдердің арасындағы оңды экономикалық қатынастардың бұзылу себептерін түсіндірген Пинэ мен Макмилланның келтірген дәлелдері жөнінде сын ескертпелер айтты.

Біздің пікірімізше, деді Молотов, Шығыс пен Батыс арасында байланыстарды дамыту ісі тек мемлекеттер арасында экономикалық қатынастарды дамытуға негізделген күнде ғана ойдағыдай жүргізілетін болады, ал олардың арасында сауданы ойдағыдай дамытпайынша, экономикалық қатынастарды дамыту мүмкін емес. . .

Бірақ елдер арасында сауданы ойдағыдай дамыту жолдарында тұрған кедергілер, қолдан қойылған бөгеттер аз емес. ССРО мен кейбір басқа мемлекеттер жөнінде бірқатар елдердің практикада қолданып отырған кемсітушілік шаралары бардап **Д. Даллес** сөз сөйледі.

—Құрама Штаттар, —деді ол, — мемлекеттер арасында еркін қатынастар орнату және халықаралық сауданы дамыту жолында тұрған кедергілерді жою жөніндегі шаралар туралы мәселеге үмітпен, соның өзінде сақтықпен қарайды. Ол АҚШ пен Совет Одағы арасында байланыстардың бұзылуы Совет Одағы жүргізіп отырған шаралардың салдарынан болды-мыс дегенді айтты.

Даллес байланыстар туралы мәселені үш тарауға бөлді: біріншіден, информациялар мен пікірлерді еркін алысу, екіншіден, адамдарды еркін алысу және саяхат саласындағы еркіндік, үшіншіден, Шығыс пен Батыс арасында сауданы дамыту. Ол, өзінің пікірінше, байланыстарды дамытуға атсалысатын кейбір ұсыныстар енгізді. Пинэ мен Макмиллан сияқты, АҚШ мемлекеттік секретары да Шығыс пен Батыс арасындағы сауда айналымының төмен дәрежеде болып отырған себебі батыс елдерінің сауда саласында жүргізіп отырған кемсітушілік шараларынан емес, қайта, оның айтқанындай, Совет Одағы тарапынан ынтаның жеткіліксіздігінен болып отыр-мыс дегенді айтты.

Даллес бұдан кейін өзінің Женеваға аттанар алдында «советтік блок» елдеріне шығарылатын экспортқа қатысы бар кейбір процедураларды (шараларды) бірте-бірте оңайлатуға шаралар қолданғанын айтты.

Бұдан кейін **А. Пинэ** Франция, Англия және АҚШ делегацияларының атынан меморандум енгізді, бұл меморандумда Шығыс пен Батыс арасында байланыстарды дамыту туралы мәселе жөнінде осы үш делегацияның ұсыныстары келтірілген. Соның өзінде ол, өзінің пікірінше, бұл документте толып жатқан пункттер бар, бұл пункттер Совет делегациясының ұсыныстарымен жақындасады деп атап өтті.

Үш батыс державасының «Шығыс пен Батыс арасында байланыстарды дамыту» деп аталған ұсыныстарында 17 пункт бар, бұл пункттерде информация, кітаптар мен күнделікті баспа шығармаларын, кинокартиналар, көрмелер, радиохабарлар алысу жөніндегі, сонымен қатар делегациялар, туристер, студенттер, тағы сондайлар алысу жөніндегі шаралар баяндалған.

17 пунктте байланыстарды дамытудың негізі болып табылатын экономикалық қатынастарды дамыту туралы мүлде ескерілмеген. Батыс державаларының ұсыныстарында халықаралық сауда туралы ең соңында, жалпылама түрде айтылған, сонірэ, осы кеңесте герман халқының үнін естуден бастартқысы келетін ниеттері бар. Ал Совет делегациясына келетін болсақ, ол мұндай ниетті қабылдауға болмайды деп санайды және біздің кеңесімізге Герман Демократиялық Республикасының өкілдері де, сондай-ақ Герман Федералдық Республикасының өкілдері де шақырылсын деп ұсынады.

Бірақ үш батыс державасының өкілдері бұл ұсынысты қабылдамай тастады және өзінің пікірінше, тек ГФР өкілдерін ғана шақырған жөн болады-мыс деп мәлімдеді.

В. М. Молотов былай деп мәлімдеді: Совет Одағы екі герман мемлекеті өкілдерінің кеңеске тең праволы қатысуын жақтайды және бұл мәселедегі кемсітушілікке қарсы шығады. Кеңестің, деді ол, ГДР мен ГФР өкілдерін шақыру туралы мәселе жөнінде нәтижелі қарар қабылдамаған фактісінің өзі герман мәселесін талқылауға қолайсыз әсерін тигізбей қоймайды.

Бұдан кейін **В. М. Молотов** европалық хауіпсіздік туралы мәселе жөнінде мәлімдеме жасады.

Европада хауіпсіздікті қамтамасыз ету проблемасы жөнінде кеңеске қатысушылар арасында қажетті келісімнің әлі де жоқ екенін атап көрсетіп, Молотов мынаған назар аударды: Совет делегациясының пікірінше, бұл мәселе жөнінде жақсы нәтижеге жету мүмкіндіктері әлі толық пайдаланылған жоқ.

Совет делегациясы, деп мәлімдеді Молотов, Европадағы хауіпсіздік туралы договор жасасу мүмкіндігі жайындағы мәселені әуелі мүдделі мемлекеттердің неғұрлым шағын тобының қатысуымен талқылауды ұсынады... Біз төрт державаны— ССРО-ны, АҚШ-ты, Францияны, Великобританияны, сонымен қатар Батысевропалық одаққа да, сондай-ақ Варшава договорына да қатысушы барлық басқа елдерді, соның ішінде Герман Федералдық Республикасы мен Герман Демократиялық Республикасын осы договорға қатысушы болсын деп ұсынамыз.

Совет Үкіметі сонымен қатар договорға қосылғысы келетін басқа да европалық мемлекеттердің, мысалы, Югославияның, Данияның договорға қатысушы болуына келіседі.

Европадағы хауіпсіздік туралы договорға қатысушы мемлекеттердің өздеріне алуына болатындай міндеттемелерді сыйпаттай келіп, Совет делегациясының басшысы бұдан әрі былай деді:

Бұл ұсынысты енгізе отырып, Советлер туралы келісуді ұсынды:

1. Европадағы қару-жарақты шектеу және инспекциялау аймағы Герман Федералдық Республикасының, Герман Демократиялық Республикасының, олармен көршілес мемлекеттердің немесе бұл мемлекеттердің кейбіреулерінің территориясын қамтуға тиіс.

2. Аймақ туралы мәселе жөніндегі келісімде осы аймақтағы басқа мемлекеттердің территориясында орналасқан АҚШ, ССРО, Великобритания және Франция әскерлерінің ең шекті дәрежелері көзделетін болуға тиіс. Мұндай дәрежелер туралы мәселе қосымша қаралуға тиіс.

3. Қару-жараққа шек қоюға және оны бақылауға қатысы бар және тиісті келісім бойынша мемлекеттердің өздеріне алатын міндеттемелері осы мемлекеттермен келісіп алуға жатады, бұл мемлекеттер осы мәселе жөнінде өздерінің суверенді праволарына сәйкес қарарлар қабылдауға еркін болады.

4. Аймаққа кіретін территорияларда қару-жарақты шектеу жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қадағалау үшін келісімдерге қатысушы мемлекеттердің қарулы күштері мен қару-жарағына бірлескен инспекция қойылады.

Біздің арамызда бұл мәселе жөнінде келісімге жету, ал кейіннен басқа мүдделі мемлекеттермен де келісімге жету, деп атап көрсетті Молотов, бейбітшілікті баянды ету үшін неғұрлым маңызды болар еді және Европада шиеленісті бәсеңдетуге атсалысқан болар еді. Сонымен бірге, мұндай келісімге жету қарусыздандыру проблемасын шешу мүмкіндігін оңайлатқан болар еді, өйткені келешекте неғұрлым кең көлемде жүзеге асыруға болатындай қарусыздандыру саласындағы шараларды қолдану мүмкіндігі Европаның белгілі бір ауданының мысалынан көрсетілген болар еді.

Г. Макмиллан үш батыс державасының өкілдері В. М. Молотовтың мәлімдемесін және ол енгізген ұсыныстарды мейлінше мұқият зерттейді деп мәлімдеді, бұл ұсыныстарды ол өте ынта қоятын ұсыныс деп атады. Ол сонымен қатар Германияны біріктіру туралы мәселе жөнінде Совет делегациясының ұсынысын алғым келер еді деп көрсетті.

Д. Даллес Г. Макмилланның осы ескертпесіне қосылды.

В. М. Молотов былай деді: Совет делегациясының ойынша, келесі мәжлісте министрлер бүгін ССРО делегациясы енгізген ұсыныстар туралы пікірлер алыса алар еді, ал содан кейін Совет делегациясы герман мәселесі жөнінде де тікелей пікір айтуды ескеріп отыр.

Осымен мәжіліс жабылды.

отырып,

үкіметтері осы договорды жасасуға келісті.

Договорға қатысушы мемлекеттер өздеріне мынадай міндеттемелер алатынын салтанатты түрде мәлімдейді:

1-статья

Келісуші жақтар бір- біріне қарсы қарулы күштер қолданбауға, сол сияқты бір- біріне күш жұмсамақ болып қорқытудан тартынуға және олардың арасында болуы мүмкін даудың бәрін бейбітшілік жолымен шешуге міндеттенеді.

2-статья

Егер договорға қатысушы бір немесе бірнеше мемлекет Европада қандай да болсын басқа мемлекеттің немесе мемлекеттер тобы тарапынан шабуылға ұшырайтын болса, оңда договорға қатысушы басқа мемлекеттер мұндай шабуылға ұшыраған мемлекетке немесе мемлекеттерге халықаралық бейбітшілік пен Европадағы хауіпсіздікті қалпына келтіру және қолдау мақсатымен, әскери көмекке дейін, қажет деп табылған көмектің қандайын болса да тезінен көрсететін болады.

3-статья

Договорға қатысушы мемлекеттер Европадағы шабуыл жасаушы мемлекетке қандай бір сылтаумен болса да тікелей немесе жанама түрде көмек көрсетпеуге міндеттенеді.

4-статья

Договорға қатысушы мемлекеттер олардың қайсысының болса да пікірі бойынкелтіру үшін келісілген шаралар қолдану қажет болған жағдайдың әрқайсысында тездікпен қажетті консультация жүргізіп отырады.

5-статья

Келісуші мемлекеттер өзара келісім бойынша жоғарыда айтылған консультацияларды жүргізіп отыру мақсатымен, сол сияқты осы договор бойынша мемлекеттердің алған міндеттемелерін жүзеге асыруға қажет болуы мүмкін хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі басқа шараларды қолданып отыру үшін арнаулы орган (немесе органдар) құрады.

6-статья

Договорға қатысушы мемлекеттер бұл договор бойынша алынған міндеттемелер олардың кәзіргі бар договорлар мен келісімдер бойынша алған міндеттемелеріне қатысы болмайды деп келіседі.

7-статья

Осы договор бойынша мемлекеттердің өздеріне алған міндеттемелері, қарулы шабуыл жасалған жағдайда, договорға қатысушы мемлекеттердің жеке немесе коллектив болып өзін -өзі қорғауы жөніндегі БҰҰ Уставының 51-статьясында көрсетілген правосына нұқсан келтірмеуге тиіс.

8-статья

Договордың уақытша сыйпаты бар және ол европалық хауіпсіздік туралы кәзіргі бар договорлар мен келісімдердің орнына жүретін неғұрлым кең басқа договормен ауыстырылғанға дейін күшін сақтайды.

Француздың радикалдар және радикал-социалистер партиясының съезі

ПАРИЖ, 3 ноябрь. (ТАСС). Бүгін француздың радикалдар және радикал-социалистер партиясының кезекті съезі ашылды. Баспасөздердің хабарына қарағанда, елдің саяси өмірінде көрнекті роль атқарып отырған радикалдар партиясы кәзіргі уақытта партия ішінде түрлі саяси топтардың болуы және бұл топтардың арасында партияға басшылық ету жөнінде бақталастық күрес жүргізілуі салдарынан ішкі дағдарысты басынан кешіріп отыр.

Бірқатар саяси шолушылардың атап көрсеткеніндей, съезд Мендес-Франс бастаған топ пен кәзіргі министрлер советінің председателі Эдгар Фордың жақтастары арасындағы қызу күрес жағдайында ашылып отыр. Съезд бірқатар саяси және экономикалық проблемаларды, атап айтқанда Солтүстік Африка жөніндегі мәселені, сол сияқты сайлау реформасы туралы және сайлауда радикалдар партиясының тактикасы туралы мәселелерді талқылайды. Сонымен қатар партияның басшы органдары сайланады.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

Киноларда

«УДАРНИК» кинотеатрында

«ТЕРЕЗА РАКЭН»

Сеанстар сағат 5, 7 және 11-де басталады.

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

«ҰРПАҚТАР»

Сеанстар сағат 5, 6-50, 8-40 және 10-30-да басталады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. **ТЕЛЕФОНДАР:** редактор —1-86, редактордың орынбасары— 1-59, секретариат— 1-33, партия және насихат бөлімдері —0-22, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп-транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39, газет баспасы— 5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02385 Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі 21-үй.